



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ ӘЛЕУЕТІ ЗОР

Президент Гонконг Арнайы әкімшілік ауданының Басшысы Джон Лимен кездесу өткізді.

Қасым-Жомарт Тоқаев мәртебелі мейманға ілтипат білдіріп, Қытай Халық Республикасы Гонконг Арнайы әкімшілік ауданының Басшысы Қазақстанға алғаш рет келіп отырғандықтан, бұл сапардың маңызы айрықша екенін айтты.

— Бұл уақиға Қазақстан мен Гонконг кенінен алып карағанда, мәңгі жан-жақты стратегиялық серіктестік байланыстыратын Қазақстан мен Қытай арасындағы ынтымақтастықты дамытуға тың серпін беретіні сөзсіз. Елдеріміздің арасында жоғары деңгейдегі саяси диалог орнаған, сауда-экономикалық және инвестициялық ықпалдастық қарқынды дамып келеді. Гонконгпен қарым-қатынасымыз туралы да дәл осылай айтуға болады, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы инвестиция, инновация, технология және халықаралық сауда салаларында әлеуеті зор Гонконг әлемде жетекші қаржы және іскерлік орталықтардың бірі ретінде ерекше рөл атқаратынын атап өтті.



Президент бұл сапар өзара тиімді ынтымақтастықты нығайтуға, іскерлік қарым-қатынасты кеңейтуге және инвестиция, қаржы, цифрландыру, жасанды интеллект, көлік-логистика

бағыттарында бірлескен перспективті жобаларды жүзеге асыруға жол ашатынына сенімді екенін жеткізді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанға салмақты бизнес-делегациямен бірге

келгені үшін мәртебелі мейманға ризашылығын білдірді. Бұл Гонконг іскерлік қауымдастығы елімізбен ынтымақтастықты арттыруға үлкен қызығушылық танытып отырғанын байқатады.

Джон Ли қонақжайлық көрсеткені үшін Президентке алғыс айтып, Гонконгтың Қазақстанмен кешенді ықпалдастықты одан әрі тереңдетуге дайын екенін растады.

— Аталған сапарға ерекше мән беремін. Менімен шетелге шыққан делегациялардың ең ауқымдысы осы болды. Оның құрамына логистика, «жасыл» энергетика, тау-кен өнеркәсібі, инновация мен технология және білім беру сияқты басты салаларда еңбек ететін 75 ресми тұлға мен кәсіпкер енді, — деді Джон Ли.

Гонконг Әкімшілігінің Басшысы ҚХР Төрағасы Си Цзиньпиннің Қазақстанда көтерілген «Бір белдеу, бір жол» бастамасы екі ел арасындағы берік әрі достық байланыстардың жарқын көрінісіне айналғанына тоқталды.

Оның айтуынша, Қытай Халық Республикасының арнайы әкімшілік ауданы саналатын Гонконг аталған бастаманы ілгерілетуге белсенді түрде атсалысып келеді. Сонымен қатар оніралық байланыстардың кеңеюі қалаға елеулі артықшылық береді.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Джон Ли екіжақты күн тәртібіндегі бірқатар нақты мәселені талқылап, сауда-экономикалық ынтымақтастықты одан әрі жандандыруға өзара мүдделі екенін растады.



ОМЫРТҚА ТЕРАПИЯСЫ: ТҮРЛЕНГЕН ТҮСІНІК, ӨЗГЕРГЕН ЕМ

Шетелдік мамандар ендігі кезекте бұл қиындықтарды да жеңіл еңсеретін тиімді әдісті тапты. Не құдірет десеңіз, бұл – омыртқаны емдеудің эндоскопиялық және кіші инвазивті технологиялары. Бұл әдіс арқылы операцияның көбін денеге үлкен тілік түсірмей-ақ жасауға болады, яғни небәрі бірнеше миллиметрлік мөлшерде тесу арқылы сәтті операция жүргізу мүмкіндігі туды.

→ 6

ЖАЛҒЫЗ МУЗЕЙДІҢ ЖҰМБАҚ КҮЙІ

Музейде әлемнің түрлі елінен келген небір ойыншық жиналған. 2008 жылы ашылғанда, бұл жерде 2 мыңға жуық ойыншық болған. Қазір мұнда 3 мыңнан аса экспонат сақтаулы. Жұрттың айтуынша, ойыншықтарды белгісіз саяхатшы Қостанай қаласына сыйлаған.



→ 7

ҚАРА ЖЕРДІҢ БАБЫ мен БАҒЫ

Дала еңбеккерлерінің қажырлы еңбегінің арқасында қазірдің өзінде топыраққа еніп үлгерген дақылдардың құрылымы ауқымдылығымен таңғалдырады. Атап айтқанда, қазірдің өзінде дәнді (бидай және дәнді бұршақ) дақылдары – 11,2 млн гектар, майлы дақылдар – 3,6 млн гектар, малазықтық дақылдар – 973,2 мың гектар, мақта – 167,6 мың гектар, картоп – 116,9 мың гектар, көкөніс дақылдары – 112 мың гектар, бақша дақылдары – 81,1 мың гектар, қант қызылшасы 22 мың гектар алқапқа себіліп те қойылды.



→ 4



Қуаныш НҰРЫБАЕВ,
мәдениеттанушы:

СТЕРЕОТИПТЕР АДАМДЫ КҮЙЗЕЛІСКЕ ҰШЫРАТАДЫ...

Жалпы, қазақ қоғамындағы мәдени қабаттарды бірнеше деңгейде қарастыруға болады. Біріншісі – дәстүрлі мәдениет. Бұл, ең алдымен, отбасылық құндылықтар, салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар жиынтығы. Сонымен қатар бұл қабатта қоғамның әлеуметтік көзқарастары мен дүниетанымы да қалыптасады. Дәстүрлі мәдениет – ғасырлар бойы үзілмей келе жатқан тарихи үдеріс.

→ 5

ҚАЗАҚСТАН – ҚАРЖЫ ХАБЫ: ҮКІМЕТ РЕФОРМАНЫ НЕДЕН БАСТАМАҚ?

Президент қойған міндет аясында Қазақстан Орталық Азия, Еуразиялық одақ және Таяу Шығыс елдерінің биржаларымен және депозитарийлерімен екіжақты тығыз байланысты дамытатын болды. Бұл шетелдік инвесторлар үшін транзакциялық шығындарды азайтуға және Қазақстанды өңірлік қаржылық хаб ретінде орнықтыруға жағдай жасай отырып, халықаралық алаңдарда қазақстандық қаржылық құралдардың қолжетімділігін кеңейтуге жол ашпақ.



→ 4

2 МАУСЫМ 2026 | СЕЙСЕНБІ

МАҢЫЗДЫ ЗАҢДАР ТОПТАМАСЫ ҚАРАЛАДЫ

Сенат Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен Бюро отырысы өтті. Онда депутаттар Палатаның 4 маусымға жоспарланған отырысының күн тәртібін айқындады.

Алдағы Палата отырысында сенаторлар «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне оларды Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес келтіру, Қазақстан Республикасының сайлау және прокуратура туралы заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» және оған ілесіп «Қазақстан Республикасының Қылмыстық, Қылмыстық-процестік, Қылмыстық-атқару кодекстеріне және Қазақстан Республикасының Әкім-

шілік құқық бұзушылық туралы кодексіне оларды Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес келтіру, Қазақстан Республикасының сайлау және прокуратура туралы заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңдарды қарайды.

Аталған құжаттардың негізгі мақсаты – заңнамалық актілерді жанартылған Конституция талаптарына сәйкестендіру, сайлау рәсімдерін жетілдіру және ұлттық заңнаманың жекелеген салаларын одан әрі дамыту.

Сонымен қатар күн тәртібіне «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ғылым, ғылымды қажетсінетін аумақтар, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, денсаулық сақтау және әскери қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң енгізілді. Заң нормалары ғылым және ғылыми-техникалық қызмет саласындағы қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеу тетіктерін жетілдіруге, білім, ғылым және экономика арасындағы байланысты



нығайтуға, сондай-ақ әлеуметтік және мемлекеттік жүйелердің тиімділігін арттыруға бағытталған.

Бұдан бөлек, алдағы отырыста сенаторлар «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы», «Қазақстан Респуб-

ликасының Салық кодексіне өзгерістер енгізу туралы» заңдарды және басқа да заңдарды қарайды.

Депутаттар Мәжіліс қабылдаған заңдарды тұрақты комитеттер арасында бөліп, Мемлекет басшысының тапсырмаларын іске асыру жөніндегі Сенаттың жұмыс жоспарын талқылады.

ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМГЕ – 70 КӨЛІК

Алматы облысында жедел медициналық жәрдем қызметінің автопаркi ауқымды жаңартудан өтуде. Медицина қызметкерлері күні қарсаңында өңірдің жедел медициналық жәрдем станциясына 70 жаңа санитариялық автокөліктің кілті табысталады. Қазіргі уақытта автокөліктердің құжаттарын рәсімдеу жұмыстары жүргізілуде.

Жаңа техникалар 2025 жылы лизинг шарты негізінде сатып алынған. Оның ішінде 30-ы «С» класындағы реанимобиль, ал 40-ы «В» класындағы санитариялық автокөлік. Барлығы заманауи медициналық жабдықтармен толық қамтамасыз етілген және шұғыл көмек көрсетуге бейімделген.

Осылайша, биыл Алматы облысының жедел медициналық жәрдем қызметі үшін сатып алынған 90 санитариялық автокөліктің барлығы пайдалануға беріледі. Оның 20-сы жыл басында медициналық ұйымдарға тапсырылса, қалған 70 көлік жақын күндері қызметке кіріседі.

Алматы облысы Денсаулық сақтау басқармасының басшысы Ержан Сүлейменовтің айтуынша, автопаркi жаңарту тұрғындарға көрсетілетін жедел медициналық көмектің сапасы мен қолжетімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

«Жедел медициналық жәрдем қызметінің материалдық-техникалық базасын жаңарту жұмыстары кезең-кезеңімен жалғасуда. Жаңа санитариялық автокөліктер шалғай елді мекендерге дер кезінде жетуге, шақыртуларға жедел әрекет етуге және медицина-



лық көмектің сапасын жақсартуға мүмкіндік береді. Бұл – тұрғындардың қауіпсіздігі үшін жасалып жатқан маңызды жұмыс», – деді Ержан Сүлейменов.

Жедел жәрдем қызметінің автопаркiн жаңартуға бизнес өкілдері де қолдау көрсетіп келеді. Өткен жылы әлеуметтік жауапкершілік аясында Mareven Food ЖШС жедел медициналық жәрдем қызметіне гуманитарлық көмек ретінде «В» класындағы 10 Foton маркалы санитариялық автокөлікті табыстаған болатын.

Қазір Алматы облысында жедел медициналық көмекті 1 станция, 12 қосалқы станция, ауылдық елді мекендердегі 66 дислокациялық пункт және 1 санитариялық авиация бөлімшесі көрсетеді. Өңірде 147 жедел медициналық жәрдем бригадасы жұмыс істейді. Оның ішінде 20 дәрігерлік және 127 фельдшерлік бригада бар.

ЖАСТАРДЫҢ ЖІГЕРІН ЖАНЫҒАН «ЖАС САҚШЫ»

Ел егемендігін алғаннан бері өскелең ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеу, олардың құқықтық сауатын арттыру және қоғамдық тәртіпке деген жауапкершілігін қалыптастыру мемлекеттік саясаттың маңызды бағыттарының біріне айналды. Осы мақсатта еліміздің білім беру жүйесінде түрлі әскери-патриоттық жоба жүзеге асырылуда. Соның бірі – «Жас сақшы» жобасы.

А Саятхан САТЫЛҒАН,
Жамбыл облысы

«Жас сақшы» сыныптарының пайда болуы тәуелсіз Қазақстанның құқық қорғау жүйесінің дамуы мен жастар тәрбиесіне жаңа көзқарастың қалыптасуымен тығыз байланысты. 2000-шы жылдардың ортасында Ішкі істер органдары мен білім беру саласының бірлескен бастамалары нәтижесінде алғашқы арнайы сыныптар ашыла бастады. Бұл жобаның негізгі мақсаты – мектеп қабырғасынан бастап болашақ тәртіп сақшыларын тәрбиелеу, жастарды заңды құрметтеуге үйрету және қоғамдағы қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру.

Алғашында жекелеген аймақтарда пилоттық жоба ретінде іске қосылған «Жас сақшы» сыныптары уақыт өте келе өзінің тиімділігін дәлелдеп, республика көлемінде кеңінен тарала бастады. Жобаға деген қызығушылықтың артуы оның тәрбиелік және әлеуметтік маңызының жоғары екендігін көрсетті.

2010 жылдардан бастап «Жас сақшы» қозғалысы жаңа деңгейге көтерілді. Еліміздің көптеген облысында полиция департаменттері мен мектептер арасында тығыз байланыс орнатылып, арнайы оқу бағдарламалары енгізілді. Оқушылар тек жалпы біліммен шектелмей, құқық негіздері, алғашқы әскери дайындық, саптық жаттығулар және өзін-өзі қорғау элементтерін меңгере бастады. Сынып оқушылары арнайы форма киіп, тәртіп пен жауапкершіліктің үлгісін көрсетуге ұмтылды. Сонымен қатар олар түрлі патриоттық акцияға, қоғамдық іс-шараларға және байқауларға белсенді қатысуда.

– «Жас сақшы» сыныптарының басты ерекшелігі – жан-жақты тәрбие беру. Мұнда оқушылар Отанға деген сүйіспеншілікті терең сезінеді, заң мен тәртіптің маңызын түсінеді. Сондай-ақ қоғам алдындағы жауапкершілігін ұғынады, көшбасшылық және тәртіп дағдыларын қалыптастырады. Бұл сыныптар жасөспірімдердің бос уақытын тиімді ұйымдастырып қана қоймай, оларды теріс әрекеттерден сақтандыруда да маңызды рөл атқарады. Бүгінде «Жас сақшы» сыныптары Қазақстанның көптеген өңірінде табысты жұмыс істеп келеді. Жоба аясында тәрбиеленген түлектердің бір бөлігі болашақта құқық қорғау органдарында қызмет етуді таңдайды. Бұл өз кезегінде кадрлық резервті қалыптастыруға да зор ықпал етеді.

Алдағы уақытта «Жас сақшы» қозғалысын одан әрі дамыту, оның мазмұнын жаңғырту және заманауи талаптарға сай жетілдіру жоспарланып отыр. Цифрлық технологияларды енгізу, психологиялық дайындықты күшейту және халықаралық тәжірибемен алмасу – осы бағыттағы маңызды қадамдардың бірі болмақ, – дейді Жамбыл облысы

Полиция департаменті бастығының орынбасары, полиция полковнигі Ораз Жолдасов.

Бүгінде облыста 39 «Жас сақшы» сыныбы жұмыс істеуде. Соның бірі – күні кеше ғана Тараз қаласындағы В.Чкалов атындағы орта мектепте ашылған «Жас сақшы» полиция сыныбы. Сыныптың салтанатты ашылу рәсіміне ІІМ және Қарулы Күштерінің құрметті ардагерлері, жергілікті полиция қызметкерлері, мектеп ұжымы, ата-аналар мен оқушылар қатысты. Салтанатты жиында оқушылар ант қабылдап, оларға арнайы сақшы куәліктері табыс етілді. Іс-шара барысында Тараз қаласы Полиция басқармасы, Жібек жолы ауданы полиция бөлімінің бастығы Жәнібек Тұрлыбаев сөз сөйлеп, бұл жобаның маңыздылығына тоқталды. Сонымен қатар ол оқушыларды адалдыққа, жауапкершілікке және елге қызмет етуге шақырды.

– «Жас сақшы» сыныптары жасөспірімдердің бойында отансүйгіштік қасиеттерді қалыптастырып қана қоймай, олардың құқықтық сауат-

тылығын арттыруға және полиция қызметіне деген қызығушылығын оятуға үлкен септігін тигізеді, – деді ол.

Бұл күні мектепте «Жас сақшы» куәлігін 26 оқушы алды. Барлығы – 7«А» сыныбының оқушылары. Арнайы жасакталған кабинетте «жас сақшыларға» сала мамандары мен ардагерлер дәріс оқиды. Алғашқы әскери даярлық пәнінің мұғалімі сабақ барысында оқушыларға саптық дайындық, қауіпсіздік ережелері және төтенше жағдайларда дұрыс әрекет ету жолдарын үйретеді.

Сонымен қатар жас сақшылар құқық қорғау органдары қызметкерлерімен кездесіп, олардың күнделікті жұмысымен танысады. Теориялық білім тәжірибемен ұштасып, түрлі жаттығу мен тренингтер арқылы бекітіледі. Оқушылар арасында тәртіп, жауапкершілік, өзара құрмет секілді қасиеттерді қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінеді. Және де мектептегі ювеналдық полиция бөлімімен бірге қоян-қолтық жұмыс істеп, мектепшілік тәртіпті қалыптастыруға өз үлестерін қосады.

– Тараз қаласында «Жас сақшы» полиция сыныптары кезең-кезеңімен ашылып келеді. В.Чкалов атындағы орта мектепте «Жас сақшы» сыныбы Тараз қаласындағы 17-ші сынып болып отыр.



ның барлық мектептерінде жалғасын таба бермек. «Жас сақшы» – жас ұрпақты заң мен тәртіпті құрметтеуге тәрбиелейтін, олардың бойында жауапкершілік пен азаматтық ұстанымды қалыптастыратын маңызды алаң. Жоба түлектерінің бір бөлігі болашақта құқық қорғау саласын таңдауы – оның өміршеңдігін айқындай түседі. Демек, «Жас сақшы» сыныптары – тек білім беру босығы ғана емес, ел ертеңі саналатын жастарды тәрбиелеуге бағытталған маңызды әлеуметтік бастама.

Мұнда тәрбиеленген жас ұрпақ – тәртіпті, білімді, отансүйгіш азамат ретінде қалыптасып, қоғам дамуына өз үлесін қосары анық, – дейді Тараз қаласы білім бөлімінің бас маманы Қайрат Үкібаев.

«Жас сақшы» сыныптары – жай ғана білім беру жобасы емес, бұл – ел ертеңі қалыптастыратын тағылымды мектеп. Осындай ортада тәрбиеленген жас буын тәртіп пен жауапкершілікті ту етіп, білім мен парасатты серік қылады. Олардың жүрегінде Отанға деген сүйіспеншілік маздап, бойында азаматтық рух беки түседі. Ертеңгі күннің тірегі болар бұл жас сақшылар ел игілігі жолында аянбай еңбек етіп, қоғам дамуына өз үлесін қосары сөзсіз.

БАЛАЛАРҒА ҚАМҚОРЛЫҚ – ОРТАҚ МІНДЕТ



1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күні. Осыған орай «AMANAT» партиясының «Жастар Рухы» жастар қанаты Астана қаласындағы «Мамандандырылған балалар үйі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің тәрбиеленушілеріне арналған мерекелік іс-шара ұйымдастырды.

Мұндағы басты мақсат – балаларға мерекелік көңіл күй сыйлап, оларға жан-жақты қолдау көрсету. Сондай-ақ жыл сайын дәстүрлі түрде өткізілетін қайырымдылық іс-шара барысында балалардың құқығы мен әл-ауқатын арттыру мәселесіне баса назар аударылды.

«AMANAT» партиясының Атқарушы хатшысы Дәулет Кәрібектің айтуынша, бұл – жүрегі таза, арманы асқақ балаларға қамқорлық көрсетіп, мейірімді еселей түсетін күн.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, өскелең ұрпақтың бақытты балалық шағы мен жан-жақты дамуын қамтамасыз ету – баршамызға ортақ жалпыйттық міндет. Елімізде балалардың игілігі үшін ауқымды реформалар мен бірегей жобалар жүзеге асырылып келеді. Мәселен, «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасын жақсы білесіздер. Әр баланың жеке шотына инвестициялық табыстың 50 пайызы тұрақты түрде аударылып келеді. Бұл –

балалардың білім алуына, болашағына жасалған инвестиция. Сонымен қатар биылдан бастап елімізде «Қазақстан балалары» 2026-2030 ұлттық бағдарламасы іске қосылды», – деді ол.

Сондай-ақ Дәулет Кәрібек «AMANAT» партиясы балалардың жарқын болашағын қамтамасыз ету жолында байыпты бастамаларды қолға алып, мазмұнды жобаларды жүйелі жүзеге асырып жатқанын атап өтті. Соның бірі – ерекше қажеттілігі бар балалар мен олардың отбасыларын қолдауға бағытталған «Кедергісіз келешек» жобасы. Бұл жоба арқылы инклюзивті орта қалыптастыру, балалардың білім мен қоғамға тең қолжетімділігін қамтамасыз ету бағытында нақты жұмыс жүргізілуде. Бұдан бөлек, партияның «Арман ағашы» жобасы да бүлдіршіндерге қуаныш сыйлап келеді.

Өз кезегінде, «Жастар Рухы» жастар қанатының төрағасы Агерке Искандерова балалардың арманына қанат бітіру мәселесі аса маңызды екенін мәлімдеді.

«AMANAT» партиясының «Жастар Рухы» жастар қанаты балаларға ерекше көңіл бөледі. Еліміздің барлық өңіріндегі филиалдарымыз балаларға арналған кешенді іс-шаралар ұйымдастырады. Биыл да осы игі дәстүріміз өз жалғасын табауда. Рухтастармен бірге әр баланың арманына қанат бітіргіміз келеді. «Жастар Рухы» алдағы уақытта да балаларға қолдау көрсету бағытындағы әлеуметтік және қайырымдылық жобаларды жүйелі түрде жүзеге асыра береді. Себебі балалардың әл-ауқаты мен жарқын болашағы – еліміздің тұрақты дамуының кепілі», – деді ол.

Іргелі іс-шара барысында балаларға арнайы дайындалған сыйлықтар табысталды. Сонымен қатар аниматорлардың қатысуымен бүлдіршіндерге арналған ойын-сауық бағдарламасы ұйымдастырылды.

Айта кетейік, «AMANAT» партиясының аймақтардағы филиалдары да еліміздің түкпір-түкпірінде балаларға әртүрлі форматтағы іс-шаралар өткізуде.



BIR TOLQYNDА: ӨҢІР ЖАСТАРЫН БІРІКТІРГЕН АЛАҢ

«AMANAT» партиясы «Жастар Рухы» жастар қанатының бастамасымен еліміздің жоғары оқу орындарында және колледждерінде Bir Tolqynda ашық дәрістері мен интерактивті кездесулері өтіп жатыр. Жоба аясындағы кезекті іс-шара Қарағанды облысында өткізіліп, оған Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Үнзила Шапақ қатысты. Ал Ақмола облысында жастар қауымымен Мәжіліс депутаттары, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшелері Наталья Дементьева мен Юлия Кучинская жүздесті.

Кездесулер аясында студенттер мен белсенді жастар «AMANAT» партиясы фракциясының депутаттарымен мемлекеттік саясаттың өзекті мәселелерін, жастар бастамаларын, азаматтық белсенділікті және еліміздің даму перспективаларын талқылады.

Жоба аясында ауқымды іс-шаралардың бірі Е. Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті қабырғасында өтті. Кездесу өңірдегі жоғары оқу орындары мен колледждердің студенттері, жастар ұйымдарының көшбасшылары, белсенділер және қоғам өкілдері қатысты. Іс-шараға Мәжіліс депутаты Үнзила Шапақпен бірге «Жастар Рухы» жастар қанатының төрағасы Агерке Искандерова да қатысты.

Ашық диалог барысында қатысушылар жастардың саяси сауаттылығы, азаматтық жауапкершілікті нығайту және қазақстандық жастарды қоғамдық-саяси үдерістерге тарту мәселелерін талқылады. Қазіргі заманның сын-қатерлеріне бейімделіп қана қоймай,



ел дамуына аянбай атсалыса алатын белсенді буынды қалыптастыру мәселесіне ерекше назар аударылды.

«Саясат – ел болашағына әсер ететін маңызды шешімдер қабылданатын алаң. Сондықтан жастардың бұл салаға қызығушылық танытуы – табиғи әрі маңызды құбылыс. Бүгінде бізге жай ғана белсенді ұрпақ емес, ойы орамды, білімді, әртүрлі оқиғаға сыни тұрғыда баға бере алатын және қоғам алдындағы жауапкершілікті сезінетін жастар қажет. Заңды құрметтейтін және мемлекеттің тағдырына бейжай қарамайтын жастар – Әділетті Қазақстанның басты тірегі», – деді Үнзила Шапақ.

Жоба Ақмола облысында орналасқан Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті базасында жалғасын тауып, келелі кездесу ұйымдастырылды. Іс-шараға 200-ге жуық студент қатысып, ашық диалог форматында Мәжіліс депутаттары Наталья Дементьева және Юлия Кучинская жастардың дамуы мен ел болашағына қатысты өзекті мәселелерді талқылады.



Кездесу барысында белсенді азаматтық ұстанымды қалыптастыруға, көшбасшылық қасиеттерді дамытуға, жастар бастамаларын қолдауға және қазақстандық жастардың өзін дамытуына жағдай жасау мәселелеріне ерекше көңіл бөлінді.

Өз кезегінде, Наталья Дементьева технологиялардың қарқынды дамуы, цифрландыру және жасанды интеллектің енгізілуі жағдайында қазіргі жастар үшін жоғары білім туралы дипломның өзі жеткіліксіз екенін атап өтті. Оның айтуынша, бүгінде икемді ойлау қабілеті, өзгерістерге тез бейімделу, үздіксіз білім алу және жаңа сын-қатерлерге дайын болу аса маңызды.

«Бүгінде дипломы көп адам емес, жылдам үйренетін, өзгерістерге тез бейімделетін және өз елінің болашағы үшін жауапкершілік арқалай алатын адам жеңіске жетеді», – деп атап өтті Наталья Дементьева.

Өз кезегінде Юлия Кучинская студенттерге Парламент жұмысының тетіктері мен заңнамалық бастамаларды әзірлеу үдерісі туралы айтты. Ол қазіргі заңдардың қоғамның нақты сұранысы мен азаматтардың ұсынысы негізінде қалыптасатынын атап өтті.

«Парламент жұмысы қоғам сұранысы мен азаматтардың ұсынысына негізделеді. Сондықтан жастардың қоғамдық-саяси үдерістерге қатысуы – ерекше маңызға ие. Бүгінде партия жастардың өз идеяларын жүзеге асыруына, жаңа жобалар ұсынуына және мемлекет дамуына үлес қосуына қажет барлық жағдайды жасап отыр», – деді Юлия Кучинская.

Bir Tolqynda жобасының ауқымы кеңейіп, еліміздің түкпір-түкпірінде белсенді әрі бастамашыл азаматтар қауымдастығын қалыптастыруда. Бұл алаң жастар мен мемлекет арасындағы тікелей диалогтың тиімді тетігі бола отырып, қоғамдық маңызы бар бастамалар мен жобаларды жүзеге асыруға қажет жана мүмкіндіктерге жол ашуда.

ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ҰСЫНЫСТАРЫ ЕСКЕРІЛДІ

Қарағанды облысы Ақтас кентінде «AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі Жол картасы аясында салынған жаңа денешынықтыру-сауықтыру кешені ашылды. Нысан құрылысы 2023 жылы басталды. Жобаны жүзеге асыру барысында тұрғындардың өтініштері ескеріліп, спортзалдары мен балаларға арналған киім ауыстыратын бөлмелердің аумағы кеңейтілді.

Жаңа кешен бір мезетте 150-ден астам адамды қабылдай алады. Онда футболға арналған әмбебап ойын залы, жекпе-жек залы, тренажер залы және балалар мен ересектердің сапалы жаттығу жасауына қажет барлық инфрақұрылым бар. Нысанның ашылу салтанатына

Алтынбеков бұл нысан сайлауалды уәделерді орындау нәтижесінде бой көтергенін атап өтті.

«Спорт инфрақұрылымын дамыту – біз атқарып жатқан жұмыстың басым бағыттарының бірі. Жаңа денешынықтыру-сауықтыру кешені – жай ғана ғимарат



Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев, «AMANAT» партиясы Қарағанды облыстық филиалының төрағасы Бекзат Алтынбеков, мәслихат депутаттары, спортшылар мен жергілікті тұрғындар қатысты.

«Ақтастағы спорт кешенінің ашылуы – өңірдің заманауи спорт инфрақұрылымын дамыту жолындағы кезекті қадам. Біздің міндетіміз – тұрғындардың спортпен шұғылдануына және саламатты өмір салтын ұстануына сапалы жағдай жасау. Жаңа кешен жастардың бас қосатын орталығына айналып, болашақ чемпиондарды тәрбиелейтін алаң болады деген сенімдемін», – деді облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев.

«AMANAT» партиясы Қарағанды облыстық филиалының төрағасы Бекзат

Алтынбеков емес, ол барлық жастағы тұрғындардың спортпен айналысуына, денсаулығын нығайтуына және жаңа жетістіктерге жетуіне мүмкіндік береді. Дәл осындай жобалар адамдардың тұрмыс сапасына тікелей әсер етеді», – деді Бекзат Алтынбеков.

Жергілікті тұрғын, планкаға тұру бойынша Қазақстан рекордшысы Сымбат Бисембаев өз әсерімен бөлісті.

«Спортшылар үшін заманауи әрі қолжетімді жаттығу алаңдарының болуы өте маңызды. Бүгін Ақтас тұрғындары жайлы жағдайда спортпен айналысуға тамаша мүмкіндікке ие болды. Бұл кешен жаңа таланттардың топ жаруына жол ашып, жастардың үлкен спорттық жетістіктерге жетуінің бастамасына болады деп сенемін», – деді Сымбат Бисембаев.



НАРЫҚ

2 MAУСЫМ 2026 | СЕЙСЕНБІ

Жуырда Түркістанда өткен ТМҰ саммитінде Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның цифрлық және қаржылық хабқа айналатынын жариялады. Бұл – Президент саясатының бір басымдығы. Оның осы тапсырмасын орындау үшін Үкімет капитал мен биржа нарығында реформаға білек сыбана кірісті. Миллиардтаған инвестиция тартып, бұқараның табысын еселей алар саланың әлеуеті де зор. Ал оның дамуына не кедергі және оларды еңсерудің жолдары қандай?

Президент қойған міндет аясында Қазақстан Орталық Азия, Еуразиялық одақ және Таяу Шығыс елдерінің биржаларымен және депозитарийлерімен екіжақты тығыз байланысты дамытатын болды. Бұл шетелдік инвесторлар үшін транзакциялық шығындарды азайтуға және Қазақстанды өңірлік қаржылық хаб ретінде орнықтыруға жағдай жасай отырып, халықаралық алаңдарда қазақстандық қаржылық құралдардың қолжетімділігін кеңейтуге жол ашпақ.

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі сарапшыларының пайымдауына, бұл мақсат шетелдік алаңдармен арадағы «биржалық және депозитарийлік көпірлер желісін» одан ары өрістетуді, соның ішінде Euroclear, Clearstream сияқты шетелдік есепке алу ұйымдарымен direct link арнасын іске қосуды, сондай-ақ АК Орталық депозитарийінде тікелей шоттар ашуды жеңілдету талап етеді. Осыған қол жеткізу үшін агенттік «Капитал нарығы туралы» жана заңның жобасын әзірледі. Оны жана Парламент – Құрылтай жыл соңына дейін қабылдаса, отандық нарықтың халықаралық мәртебесін арттыру үшін де алғышарт түзеді.

Әзірге, НКЕХ биржасының халықаралық эмитенттерге қызмет көрсету бағытының басшысы Джонсон Чойдың түсіндіруінше, қазақстандық биржа мен қаржы нарығы жете дамымаған күйде

ҚАЗАҚСТАН – ҚАРЖЫ ХАБЫ: ҮКІМЕТ РЕФОРМАНЫ НЕДЕН БАСТАМАҚ?



калып тұр. Сарапшы бір олқылық ретінде құнды қағаздарын биржада орналастыратын эмитенттер құрамында квазимемлекеттік сектордың, ұлттық компанияларының басым болуын атады.

Отандық акциялар нарығының капиталдануы соңғы 5 жыл ішінде 40%-дан астам өсіп, 39 трлн тенгеге жетті. Саудаланатын корпоративтік қарыз көлемі 2025 жыл қорытындысында 18,5% артып, 16,2 трлн тенгеге құрады. Соған қарамастан, ірі эмитенттердің қатары бәрібір аз шоғырғана: өткізілген корпоративтік қарыз-облигация көлемінің шамамен 75-80%-ы – квазимемлекеттік секторға, 12-13%-дайы – екінші деңгейдегі банктерге, ал небәрі 5%-дан азы – нақты жеке секторға тиесілі.

Соңғы бес жылда KASE-де алпауыттардың құнды қағаздарына қатысты бірқатар айтулы орналастырулар ұйымдастырылды. Атап айтқанда, 2022 жылы – «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясының IPO-сы, 2024 жылы – «Эйр Астана» АҚ IPO-сы, 2025 жылы – «Қазақстан Халық Банкі» АҚ IPO-сы өтті. Біз хабарласқан брокерлер 2026 жылы «Қазақстан темір жолының» IPO-сын күтіп отырғандарын хабарлады.

KASE MEN AIX-ТҮН ҚАЙСЫСЫ АЗУЛЫ?

Мамандар биржа тек ұлттық компаниялармен немесе банк секторымен шектеле бермей, жеке сектордан, шағын және орта

бизнес сегментінен жана эмитенттердің шығуын қамтамасыз еткені жөн деп есептейді. Нарықты кеңейтудің үлкен әлеуеті сақталған: оны жүзеге асыру үшін реттеушілік органы және ынталандыру тетіктерін жетілдіру талап етіледі. Ол болмаған соң, қаржыдан тарыққан бизнес (90%-ы) бұрынғысына бақтан несие алумен шектелуге мәжбүр. Сарапшылардың пікірінше, ШОБ-ты IPO-ға шығуға ынталандыру шаралары қажет.

Брокер Ерлан Сейітказыұлы мемлекеттің күш-жігерін бытыратпау үшін елдегі екі биржаны – KASE мен AIX-ты біріктірген орынды деп санайды. «Мысалы, KASE-де акциялармен сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 5-7 млн доллар ғана.

Салыстыра кетсек, Нью-Йорк қаржы биржасының (NYSE) бүкіл электронды алаңдарындағы 1 тәуліктегі саудасы нарық белсенділігіне қарай 1,4–1,5 трлн долларға жетеді. Біздің KASE-ден 214 мың есе көп! Себебі біздегі нарықтың жоғары шоғырлануы және өтеуі деіні ұстау стратегиясы белсенді сауданы шектейді. Тіімді баға белгілеуге кедергі келтіреді. Спреттердің кенеюіне ықпал етеді және мәмілелердің орындалу болжамдылығын төмендетеді», – деді ол.

Бұл ретте жаһандық №1 алпауытты алмай, түркі әлемінің көшбасшысына қарайлайық: Түркиядағы акциялардың айналымдылығы коэффициенті 271%-ды құрайды! Әлемде осы көрсеткіші бойынша ол 4-ші орында тұр. Түрік нарығы күніне 4,1 млрд доллар көлемінде орташа айналымды қамтамасыз етеді, ал деривативтер айналымы – жылына 466 млрд доллар. Бұған Анкара мерзімді нарықты дамыту, заңнамасын оңтайландыру, кедергілерді жою және брокерлердің бөлшек инвесторларды тарту саясатын ынталандыру арқылы жетті.

Қаржылық реттеуші АХКО-да бағалы қағаздарды шығарудың анағұрлым икемді режимі және эмитенттердің ақпаратты ашуына қойылатын, үздік халықаралық практикаға көбірек сәйкес келетін талаптар белгіленгені жеткізді. Яғни, әлеует мол. Жана заң соған жағдай жасайды деген үміт бар. Ал әзірше, АХКО әкімшілігінің өнімдер жөніндегі бас директоры Жанболат Көкшөвтің хабарлауынша, биылғы сәуірде «Самұрық-Қазына» қоры AIX биржасында Қазақстан мен Орталық Азияда тұңғыш рет 3 млрд юань көлеміндегі пандабондтарды орналастырды. Мамарыда Caspian Solar Ltd. компаниясының «жасыл» облигациялары да орналастырылып, ол 625 млн юань тапты. Бұл тек қарлығаштары болса керек.

Президенттің Қазақстанды ірі қаржылық хабқа айналдыру тапсырмасы биржа саласында шұғыл әрі түбегейлі реформаларды керек етіп отыр. Ел жаһандық озық жөніндегі нағыз халықаралық компанияларға жалтақтаудан арылып, отандық және шетелдік бизнес есебінен жандана түспек.

Елдос СЕНБАЙ

Аграрлық өңірлерде дән себу науқаны шарықтау шегіне жетті. Қазақ даласында көктемгі егістің көрігі қызып, диқандар жер «тамырын» иітуге білек сыбана кірісті. Алайда биылғы науқанның жөні бөлек, жаңалығы жетерлік. Өткен ғасырдан дала төсінің дара патшасы болған алтын бидай биыл тағынан тайғандай: шаруалар одан теріс айналып жатыр. Мемлекет те қолдау бағытын мал шаруашылығының берекесіне бұрып, төрт түліктің жемазық базасын нығайтуды көздейді. Ендеше диқан қауымы биыл қай дақылға басымдық беріп, қай өнімнен байлық-бақуат күтеді? Дала дидарындағы өзгерістер қалай өрбімек?

Айхан ШӘРІП

ЕГІСТЕ ЕНБЕК ДУБІРІ ҚИЗЫП ТҮР

Аграрлық секторда шешуші кезең: елдің азық-түлік қауіпсіздігі мен экономикалық қуатын айқындайтын ұлы науқанның қарқыны үдеді. Ауыл шаруашылығы министрлігінің соңғы мәліметіне сүйенсек, өткен аптаның соңындағы жағдай бойынша ел аумағындағы егіс алқаптарының 77%-ы егіліп болды. Облыс әкімдерінің жедел деректері бүгінде ауыл шаруашылығы дақылдарының 16,3 млн гектар алқапқа себіліп болғанын сүйіншілейді. 2026 жылы егістіктердің жалпы ауданы 23,8 млн гектарға жетпек. Бұл былтырғыдан 180 мың гектарға көп.

Дала еңбеккерлерінің қажырлы еңбегінің арқасында қазірдің өзінде топыраққа еніп үлгерген дақылдардың құрылымы ауқымдылығымен таңғалдырады. Атап айтқанда, қазірдің өзінде дөңді (бидай және дөңді бұршақ) дақылдары – 11,2 млн гектар, майлы дақылдары – 3,6 млн гектар, мал-азықтық дақылдары – 973,2 мың гектар, мақта – 167,6 мың гектар, картоп – 116,9 мың гектар, көкөніс дақылдары – 112 мың гектар, бақша дақылдары – 81,1 мың гектар, қант қызылшасы 22 мың гектар алқапқа себіліп те қойылды.

Егіс науқаны онтүстік өңірлерде дәстүрлі түрде ерте басталып, алғашқы серпін берсе, енді еліміздің негізгі астық қоспасы саналатын 5 өңірде көктемгі егіс жұмыстары екпінді жүргізілуі үстінде. Ақмола облысында 4,1 млн, Қостанай облысында – 3,7 млн, СКО-да 2,7 млн гектар жерге егін егілді. Алып майданға тартылған техниканың күші де орасан: егіс науқанына 133,9 мыңнан астам трактор, шамамен 5,6 мың жоғары өнімді егіс кешені, 71,4 мың сепкіш және 188,5 мың топырақ өңдеу құралы жұмылдырылған. Жұмыс қызған шақта сыр беріп, сынып қалған техниканы жөнге салып, аграршыларға күндіз-түні көмек қолын созуға 70 сервис орталығы (бұрынғыша – МТС) жұмыс істейді.

Ауыл шаруашылығында тек егу емес, жердің бабын табу – басты қағида. Осы мақсатта 2026 жыл бойы егіс алқаптарына жалпы көлемі 2,3 млн тонна тынайтықш енгізіледі деп жоспарланды. Бүгінде соның 1,5 млн тоннасын жеткізуге келісімшарттар бекітіліп, 1,3 млн тоннасы аграршыларға жол тартты. Мұның стратегиялық маңызы зор, себебі кейінгі жылдары бұл өнім қатты қымбаттап кеткен. Кейбір диқан тынайтықштан үнемдеуге көшіп, соның кесірінен ауыл шаруашылығы жерлерінің тез тозып, құнарлы гумусынан айырылып, тақырға айналу қаупі төнген. Топырақтың құруына жол бермеу және тынайтықштарды қолжетімді ету үшін 2026 жылы облыстар бюджетінен оны субсидиялауға 56,3 млрд тенге қосақтары қаражат шығындау қарастырылды.

Бұл маңызды науқанның басы-қасында Үкімет өкілдері жүр. Ауыл шаруашылығы



ҚАРА ЖЕРДІҢ БАБЫ МЕН БАҒЫ

министрі Айдарбек Сапаров пен оның орынбасары өңірлерді аралап, ауыл шаруашылығы өндірушілерімен жеке кездесіп, егіс науқанының барысымен танысып жатыр. Министрлік мәліметінше, 2025 жылы ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 5,9%-ға өсіп, 9,8 трлн тенгеге жетті. Бұл – экономиканың базалық саласының елдің шынайы тірегіне айналғанының бұлтартпас дәлелі. Отандық агросектор екінші жыл қатарынан рекордтық нәтиже көрсетті және АШМ осы жетістіктің биыл да қайталанғанын, тіпті еселенгенін қалайды.

АГРОСЕКТОРДАҒЫ ЖАНА НАРЫҚ ЗАНЫ

Әйтсе де, елдегі «тіршілік нәріні» тапшылығы мен трансшекаралық су проблемалары Үкіметті аграршылар алдына қатал талап қоюға мәжбүрлеп отыр: суды мейлінше көп қажет ететін бидай, күріш пен мақта алқаптарының көлемін жыл сайын қысқартып келеді. Әрине, білікті мамандар соя секілді бұршақ тұқымдарында да, қияр, қырыққабат, бақлаған сияқты бау-бақша өнімдері де, тіпті асқан бойлы жүгері мен көпжылдық мал азығы да бұл қауарды ашкөздікпен сіміретінін еске салады. Бірақ АШМ бұл дақылдарға тосқауыл қойған жоқ, керісінше, олардың өрісін кеңейтуге қолдау көрсетеді.

«Биыл саланы дамытудың жана қозғаушы күші мал шаруашылығы болуға тиіс. Бұл бағытта қалыпта өсімінен жедел даму кезеңіне өтіп, серпінді нәтижелерге қол жеткізу қажет», – дейді Азат Сұлтанов.

Вице-министрдің кешегі Қостанай облысына жұмыс сапары бұрын қалпымен бидай егетін бұл өңірде де «егістік патшасының» үстемдігінен айрылып жатқанын паш етті. Қостанай облысында ауыл шаруашылығы дақылдарын осы жылы 5,5

млн гектар жерге егу жоспарланыпты. Мұнда дөңді және дөңді-бұршақты дақылдар 4 млн гектарға себілмек: оның ішінде бидайдың үлесі – 3 миллиондай ғана. Қалған құнарлы алқаптардың бағыты өзгерген: майлы дақылдар 887 мың гектарға, ал алғаш азық дақылдар 559 мың гектарға егіліпті.

Егістік трансформацияның тағы бір жарқын мысалы ретінде ХХ ғасырдан бері егіс алқаптарында негізінен бидай жайқала өскен Ақмола облысын айтуға болады. Мұнда да егіншілердің монодақылдан белсенді бастап жатқаны анықталды. Облыстың беткеуларының бірі – Зеренді ауданындағы Namys Group компаниясында 2026 жылы жалпы егіс көлемі 15 мың гектардан аспақ. Алайда енді оның небәрі 5 мың гектары бидайға бөлінген. Қалған алқаптың 4 мыңына зығыр, 3 мыңына жасымдық егілетін болды. Себебі олардан түсетін таза табыс әлдеқайда жоғары және бұл өнімдер үшін мемлекеттік бюджеттен мол субсидия беріледі.

Ақмола облысының әкімі Марат Ахметжанов диверсификацияға басты екіп түсіріп отырғандарын жеткізді: үлкен сұранысқа ие майлы дақылдардың аланы 2026 жылы 600 мың гектарға дейін арттырылған. Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров Ақмола облысына сапарында диқандарды жана қолдау тетіктерін сұрай бермей, қолда бұл құралдарды барынша тиімді пайдалануға, тынайтықшты жеткілікті көлемде өту сияқты агротехнология талаптарын қатан сақтауға және егіс алқаптарын ортақтандыру жұмыстарын күшейтуге шақырды.

– Мемлекет тарапынан егіс науқанын сапалы әрі уақытылы өткізу үшін барлық жағдай жасалған! Ақмола облысы – еліміздің жетекші аграрлық өңірлерінің бірі. Өткен жылы диқанар 7,5 млн тонна астық жинап, республика бойынша ең жоғары көрсеткішке қол жеткізді. Бұл – жүйелі жұмыстың, аграршылардың кәсібилігінің және мемле-

кеттік қолдауды тиімді пайдаланудың нәтижесі. Ауа райы қолайлы болса, егіс науқаны жоғары деңгейде ұйымдастырылса, биыл бұдан да мол өнім алуға толық мүмкіндік бар, – деп міндет қойды А.Сапаров.

Министр Мемлекет басшысының тапсырмасымен, соңғы екі жылда агроөнеркәсіп кешенінің жеңілдетілген несиелеу көлемі елуірт артқанын еске салды. Оның дерегіне, ел көлемінде 2026 жылы көктемгі дала және егін жинау жұмыстары үшін 750 млрд тенге арзандатылған несие таратылады. Бүгінде жалпы сомасы 626,3 млрд тенгеге 5 102 өтімді түсті. 4,7 мыңнан астам аграршыға 566,4 млрд тенге несие беріліп, 6,7 млн гектар астам егіс алқабы қамтылды. Ауыл шаруашылығы техникасының жеңілдетілген лизинг бағдарламасы аясында жыл басынан бері 224,8 млрд тенге көлемінде өтімдер түсті. Бұл отандық агросектордың жана деңгейге көтерілуіне деген зор талпынысы мен құлшынысын көрсетеді.

АЛТЫН ДӘННІҢ МҰНЫ МЕН ҚҰНЫ

Бидай егістіктерінің қысқаруы суды үнемдеуді мемлекеттік саясаттың бір

Бірақ биылғы маусымда 13 мың гектар тәлімдік (боғарлық) жердің тек 8 мың гектары ғана бидайға қиылды.

«Соңғы жылдары бидайға қатысты жағдай қуантпай тұр. Біздің аймақ қуан болғандықтан, өнімділік жоғары емес, мәселен 2025 жылы орташа есеппен 17 ц/гектар ғана болды. Сапасы өте жоғары. Әйтсе де, сатып алушыларға алтына бергісіз сапаның қажетті шамалы болып шықты: олар клейковинасы жоғары астық үшін артық төлеуден үзілді-кесілді бас тартты. Ал бізде былтыр бидайдың желімтегі 24%-дан 30%-ға дейінгі ең жоғары деңгейді көрсеткен-ті! Сатып алушының бәрі мал азықтық үн өндіру үшін 4-5 сыныпты арзан бидай іздеді. Өз бидайымызды тоннасына 95 мың теңгеден өзгерісіз өткіздік», – дейді ЖШС басшысы.

ДРОН «ҚҰЛАҒЫНДА ОЙНАҒАН» ДИҚАН

Осы және басқа да факторлар фермерлерді дөңді дақылдар алқабын қысқартып, құнбағыс, рапс, зығыр, мақсары сияқты майлы дақылдар алқабын кеңейтуге мәжбүр етті.

басымдығы ретінде бекіткен Үкімет үшін аса қажет. Ал егіншілер ондаған жылдар бойы жинаған тәжірибесін тәрк етіп, не себепті бұл дақылдан теріс айналып жатыр? Оның ащы шындығын қарағандылық «Черниговский и К» ЖШС басшысы Айдос Қанапин түсіндірді.

– Ең сапалы бидай орталық-солтүстік облыстарымызда өседі. Мұндағы аптап астық пен құрғақ климат кез келген дақылдан үлкен өнім алуға мүмкіндік бермейді. Бірақ табиғаттың дәл осы қатал мінезі бидай құрамындағы ең құнды көрсеткіш – желімтек-клейковинаның деңгейін арттырады. Түсінген адамға бұл нағыз элиталы өнім! Алайда қазіргідей күрделі экономикалық кезеңде нарықтағы трейдерлер, өзге клиенттер астықтың бұл керемет сапасы үшін артық төлегісі келмейді. Осы аяусыз нарық заны фермерлерді бидай егістігін амалсыз қысқартуға және нарықта әлдеқайда табысты, рентабельділігі жоғары майлы және мал азығы дақылдарына шұғыл ден қоюға мәжбүр етіп отыр, – деді ол.

Айдос Қанапин басқаратын шаруашылық Қарағанды облысының Нұра ауданында орналасқан және шамамен 13 мың гектар аумаққа егін салады. Енді оның алдында тұрған басты бір міндеті – өзімен серіктес «Рамадан» сүт-тауарлы фермасын мал азығымен қамту. Осы мақсатта шаруашылықта 700 гектарлық суармалы алқап іске қосылып, онда жүгері, жоңышқа, судан шөбі мен райраг өсіріле бастады. Биыл 400 гектардан астам егіске жүгері себіліп жатыр. Былтыр жүгерінің өнімділігі шамамен 300 ц/гектарды құрады. Салыстыру үшін айтсақ, былтыр бидайдың орташа өнімділігі гектарынан 21 центнерден айналды.

Негізінде, Нұра – топырағы айтарлықтай жұтан, ауа райы өте құрғақ аймақ. Сондықтан мұнда ғасырлар бойы тек бидай өсіп келген.

Соңғы жылдардағы нарықтық жағдай фермерлердің таңдауын майлы дақылдардың пайдасына бұрды. Кейбірі тіпті бір маусымда барынша көп пайда табу үшін ғылыми негізделген ауыспалы егіс тәртібін бұзып, құнбағысқа егістік алқабының 25%-ынан астамын бөлуге дейін барды. Әрине, сауатты фермерлер егіс алқаптары құрылымын бұзудың қандай қауіп-қатер әкелерін біледі, сондықтан ауыспалы егіс теңгерімін сақтауға тырысады.

«Победа» ЖШС бас агрономы Петр Чернецкийдің мәліметінше, жүгері дөңінің бағасы жоғары – тоннасына шамамен 150 мың теңге. Ал бидайдың тоннасын 95-100 мың теңгеге өрең өткізуге болады. Айырмашылық айқын. Айтпақшы, заманауи технологиялық жаңалықтар мен шифрландыру үрдісі ауылға да жетті. Көштен қалмаған «Победа» ЖШС да өткен маусымнан бастап гербицидтік, фунгицидтік өңдеулер жүргізу, сондай-ақ құнбағысты жапырағынан коректендіру үшін агродрондарды қолдануға енгізді.

«Күнбағыстың бойы 1,8 метрге жеткенде оны өңдеу үшін дрондар – таптырмас құрал. Өйткені қалың ну болып өсетіндіктен, бүрікшілдік арқалап немесе трактормен оның арасына қойып кете алмайсың, тек аспандағы дрондарға жүгіну қалады. Оның артықшылығы – еңбек және қаржы шығыны өте аз. Біздің шаруашылық паркімізде екі мықты агродрон бар, олар 12-13 сағатта 400 гектар алқапты түгел өңдеп тастайды!» – деп мақтана бөлісті бас агроном Петр Чернецкий.

Шаруашылықтың жоспарында үш-қышсыз ұшу аппараттарының паркін кеңейту бар. Себебі бүгінгі заманауи фермерлер ауыл шаруашылығының болашағы мен берекесі дәл осы жоғары технологиялар мен цифрлық шешімдерде екеніне көз жеткізіп отыр.

БІЗДІҢ СҰХБАТ

2 МАУСЫМ 2026 | СЕЙСЕНБІ

Қазіргі қазақ қоғамы дәстүрлі құндылықтар, қалалық мәдениет және цифрлық кеңістіктің ықпалы қатар тоғысқан күрделі кезеңді бастан өткеріп отыр. Бір кездері қоғамдық қарым-қатынастың өзегінде тұрған «ұят», «сауап», «обал» сияқты ұғымдар бүгінде жеке еркіндік пен прагматикалық ойлаумен қатар өмір сүруде. Осы өзгерістер аясында мәдениет пен адам болмысы қалай өзгеріп жатыр деген сұрақ өзекті бола түседі. Бұл орайда біз мәдениеттанушы, фарабитанушы Қуаныш Нұрыбаевпен сұхбаттасқан болатынбыз.

Қуаныш НҰРЫБАЕВ,
мәдениеттанушы:



СТЕРЕОТИПТЕР АДАМДЫ КҮЙЗЕЛІСКЕ ҰШЫРАТАДЫ...

— Сіз қазіргі мәдени қабаттарды қалай сипаттар едіңіз? Дәстүрлі, қалалық және цифрлық мәдениет арасында үйлесім бар ма, әлде ішкі қайшылықтар басым ба?

— Жалпы, қазақ қоғамындағы мәдени қабаттарды бірнеше деңгейде қарастыруға болады. Біріншісі — дәстүрлі мәдениет. Бұл, ең алдымен, отбасылық құндылықтар, салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар жиынтығы. Сонымен қатар бұл қабатта қоғамның әлеуметтік көзқарастары мен дүниетанымы да қалыптасады. Дәстүрлі мәдениет — ғасырлар бойы үзілмей келе жатқан тарихи үдеріс. Екінші қабат — қалалық мәдениет. Бұл да тамыры тереңде жатқан құбылыс. Тіпті, «қала» ұғымының өзі араб тілінде «мәдениет» ұғымымен астасып жатыр. Бұл жөнінде Әбу Насыр әл-Фарабинің «Ізгілікті қала тұрғындарының көзқарастары туралы трактатында» кенінен айтылады. Қалалық мәдениеттің басты белгілерінің бірі — уақытты тиімді пайдалану, сондай-ақ жеке тұлғаның, яғни индивидтің өзіндік көзқарасын қалыптастыру. Урбанистік мәдениетте адамның өмір салты, дүниетанымы мен құндылықтары өзгеше сипат алады. Ал үшінші қабат — цифрлық мәдениет. Бұл — қазіргі өркениеттің ажырамас бөлігі, тіпті өзіндік «тілі» деуге болады. Жаһандану дәуірінде цифрлық мәдениет адамдар арасындағы қарым-қатынасты жеделдетіп, коммуникацияны жаңа деңгейге көтерді. Интернет кеңістігі ақпарат алмасудың, ой бөлісудің негізгі алаңына айналды.

Бүгінде дәстүрлі мәдениетті заманауи форматта қайта жаңғыртып жатқан үрдістерді байқаймыз. Мысалы, домбыра күйлерін, қолөнер туындыларын цифрландыру кенінен қолға алынады. Бұл — мәдени синтездің көрінісі. Яғни әртүрлі мәдени қабат бір-бірімен қайшылыққа түспей, керісінше, өзара ықпалдасып, жаңа сапада дамып жатыр. Сондықтан қазіргі қоғамдағы мәдени қабаттар арасында қайшылық бар деп кесіп айту қиын. Керісінше, мәдениеттердің өзара кірігуі, бірін-бірі толықтыруы басым. Егер мәдени қабаттарды қоғам дамуының тарихи кезеңдерімен салыстыратын болсақ, бұл мәселені тереңірек түсінуге болады. Мәселен, философ Шпенглер «Еуропаның күйреуі» еңбегінде мәдениеттің әртүрлі кезеңін сипаттайды. Оның ішінде наным-сенімдер үстемдік еткен мифологиялық кезең, белгілі бір идеяларға негізделген феодализм және қазіргі капиталистік қоғам кезеңдері айтылады. Осы тұрғыдан алғанда, мәдени қабаттар да қоғамның тарихи дамуымен тығыз байланысты.

— Бұрын қазақ қоғамында «аманат», «сенім», «обал», «ұят», «ұмір» сияқты ұғымдардың салмағы өте ауыр еді. Бұл түсініктер рухани-этикалық қарым-қатынастың өзегінде тұрды. Қазір прагматикалық құндылықтар алға шықты. Енді жерде біздің қанша ғасырдан бері күшін жоймаған негізгі ұғымдарымыздың салмағы әлсірей бер ме?

— Егер тарихи тұрғыдан қарасақ, Қазақ хандығы кезеңінде қоғам әулеттік-рулық құрылымға негізделді. Адамдар қауымдасып өмір сүрді, сондықтан бір адамның әрекеті тұтас әулетке әсер ететін. Біреу біреуге қиянат жасаса, ол бүкіл рудың абыройына нұқсан келтіретін. Сол себепті «аманат», «ұят», «обал», «сенім» сияқты ұғымдар қоғам-

дық қатынастарды реттейтін негізгі тетіктердің бірі болды. Ал қазіргі қоғамда әр адам өз болмысына, жеке көзқарасына сүйеніп өмір сүреді. Бұл — заманның табиғи өзгерісі. Бүгінгі адамды бұрынғы өлшемдермен ғана бағалау немесе сол ұғымдарға толық сай өмір сүрмеді деп кінәлау дұрыс бола бермейді. Керісінше, адамдар өз мүмкіндіктерін танып, жетістікке жетудің жолдарын іздей бастады. Мәселен, ежелгі ойшыл Марк Цицерон еңбектерінде «Егінді күтпесен, өнім бермейсің. Жанды күтпесен, ол да саған қызмет етпейді» деген мазмұндағы ой айтылады. Яғни, адамның ішкі дүниесіне күтім жасау — философиялық мәдениеттің өзегі. Бүгінгі қоғамда бұл ұстаным айқын көрініс тауып отыр. Адам өз уақыты мен жеке кеңістігін бағалайды, қажет кезде «жөк» деп айтуға да үйренді. Бұрын мұндай әрекет «ұят» саналға-

ты. Олар қоғам мен адам арасындағы үйлесімділікті терең зерттеді. Ал бүгінде индивидтің даму деңгейі күн тәртібіне шықты. Адам өзінің ішкі дүниесінде мәдени құндылықтарды қаншалықты үйлестіре алады? Басты сұрақ — осы. Жалпы, америкалық ғалымдардың пікірінше, мәдениет — адамдардың жетістіктерінің жиынтығы. Демек, әр адам өз мүмкіндігінше қоғамға пайда әкелуге ұмтылғанда ғана мәдени даму жүзеге асады. Бұл тұрғыда әл-Фараби де әр адам белгілі бір кәсіпті менгеріп, өз ісін жетілдіруі керек екенін айтады. Яғни дәстүр мен сабақтастық сақталуы тиіс, бірақ сонымен қатар адам өз қызығушылығын дамытып, кәсіби тұрғыда өсіп, жаңа мүмкіндіктерге ұмтылуы қажет.

Қалалық ортада өмір сүретін адамдар үшін де бір-бірімен үйлесімді өмір сүру маңызды. Ал «аманат», «сенім», «ұят»

инвестиция жасау — білім мен ғылымға салынған инвестиция. Алғашында қымбат көрінгенімен, ұзақ мерзімде өзін толық ақтайды. Бұл бағытта Джефф Безос негізін қалаған цифрлық кітап индустриясының тәжірибесі де соны көрсетеді.

Енді ақпараттың адам психологиясына әсеріне келсек, бұл жерде екіжақты үрдіс бар. Бір жағынан, ақпараттың көптігі адамның таңдау мүмкіндігін арттырады, талғамын қалыптастырады, сапалы контентті іздеуге ынталандырады. Яғни бұл — еркіндіктің бір көрінісі. Екінші жағынан, ақпараттың шектен тыс көп болуы оның мазмұнын үстірт қабылдауға әкелуі мүмкін. Қазіргі заманда адамдар жылдам, қысқа ақпаратқа үйреніп барады. Тіпті, кейде жасанды интеллект құралдары арқылы жедел мәлімет алып, терең талдауға уақыт бөл-



Әсет БАЛТАҚЫЗЫ (қолжазба)

нымен, қазір ол жеке шекараны сақтау ретінде қабылданады. Әрине, бұл жерде қайшылықтар да жоқ емес. Кейде адамға жасаған жүз жақсылық ұмытылып, бір ғана орындалмаған өтініш алға шығып кететін жағдайлар кездеседі. Бұл — құндылықтар трансформациясының бір көрінісі. Дегенмен қазіргі қоғамды тек қорқыныш немесе тыйым арқылы мысалы, «обал болады», «ұят болады» деп басқару мүмкін емес. Оның орнына адамдарда ішкі этикалық жауапкершілік қалыптасуға тиіс. Яғни әр адам өз-өзіне «Менің әрекетім адамгершілікке сай ма?», «Мен біреуге көмектесе алмадым, бұл қаншалықты дұрыс?» деген сұрақтарды қоя білуі керек. Бұл — ішкі моральдық өлшемнің қалыптасуы. Көптеген мәдениеттанушы да осыны айтады. Мысалы, Эдвард Тайлор «Мәдениет дамуы мүмкін, бірақ оның шынайы гүлденуі жеке тұлғаның дамуымен тікелей байланысты» екенін атап өтеді. Яғни қоғамдағы әр адам өзінің этикалық жауапкершілігін түсінген кезде ғана мәдениет жаңа деңгейге көтеріледі.

— Сонда жеке адамның құқығы мен жауапкершілігі алдыңғы орынға шыққан кезеңді мәдениеттің жаңа «гүлдену дәуірі» деп айтуға бола ма?

— Бұл өте маңызды сұрақ. Тарихқа көз жүгіртсек, мәдениеттің «алтын ғасыры» ретінде орта ғасырлар қанша аталады. Дәл осы кезеңде Әбу Насыр әл-Фараби, әл-Бируни сынды ұлы ойшылдар шық-

сияқты ұғымдар қазақ болмысының ажырамас бөлігі ретінде әлі де өз мәнін жоғалтқан жоқ. Біз бұл құндылықтардан толықтай алыстап кете алмаймыз. Өйткені қазақ қоғамы тарихи тұрғыда көшпелі өркениетке негізделген. Дала заңында әр адам өз сөзі мен ісіне жауап беруге тиіс болған. Бұл қағида ислам өркениетімен де үндеседі. Исламда да адамның әрекеті мен ниетінің тазалығы, өзгеге зиян келтірмеуі — басты құндылықтардың бірі. Сондықтан адам өмірде өз абыройына нұқсан келтірмей, өзгелерге күмән тудырмайтындай өмір сүруі қажет. Бұл — этикалық мәдениеттің негізі. Жалпы, көшпелі қазақ қоғамы табиғатпен етене өмір сүргендіктен, «сенім», «аманат» сияқты ұғымдардың мәнін терең түсінді. Тіпті, жауершілік замандардың өзінде сөзге беріктік, үәдеге адалдық ерекше бағаланған. Мысалы, Абылай хан туралы аңыздарда оның үәдеге берік, сенімге адал тұлға болғаны айтылады. Қазақ қоғамында өтірік айту, алдау — қатаң айыпталған. Сондықтан халықтың аңғалдығы да белгілі бір деңгейде осы сенімге негізделген дүниетанымнан туындаған деуге болады.

— Қазіргі заманда ақпараттың шамадан тыс көптігі адам санасын кеңейтіп, еркіндігін арттырып жатыр ма, әлде керісінше, сананы көмексіздендіріп, таңдау еркіндігін шектей ме? Жалпы, мәдениеттанушы ретінде қоғамымыздың ақпарат тұтыну деңгейін қалай бағалайсыз?

— Соның салдарынан ақпараттың мәні мен мазмұны көмескіленіп кетуі ықтимал. Сондықтан бұл жерде ең маңыздысы — ақпаратты тұтыну мәдениеті. Әр адам өзіне қажет, сапалы ақпаратты іріктеп алуға дағдылануы тиіс. Кейбір адамдар ақпарат көп болғанымен, тек өз бағытына сай мәліметті ғана қабылдайды. Ал кейбіреулер керісінше, қажетсіз ақпаратқа да уақытын жұмсайды. Ғалымдардың айтуынша, қоғамдағы кез келген құбылыс бір-бірімен өзара байланысты. Сондықтан ақпараттық ағынды тек қауіп ретінде емес, мүмкіндік ретінде де қарастыру қажет. Ең бастысы — әр адам өз ісінің маманы болып, өзіне қажетті ақпаратты тиімді пайдалана білуі тиіс. Яғни ақпараттың көптігі өздігінен не жақсы, не жаман құбылыс емес. Ол — құрал. Ал оның адамға қалай әсер ететіні сол адамның мәдени деңгейіне, талғамына және өмірлік бағытына байланысты.

— Қазір көпшілік тыңдайтын музыкада анайы, жеңіл-желпі, мағынасы жұтаң дүниелер көбейгені байқалады. Бұл қоғамның мәдени талғамының көрсеткіші бола ала ма?

— Музыка мәселесіне тереңірек қарасақ, Әбу Насыр әл-Фараби музыканы бірнеше қызметіне қарай жіктеген. Оның айтуынша, музыка біріншіден, адамға ләззат сыйлайды, екіншіден, белгілі бір сезімге жетелеп, құмарлық оятуы мүмкін, үшіншіден, адам жанын

сергітіп, рухани тепе-теңдікке жеткізеді. Алайда кез келген музыканың әсері оның мөлшеріне, мазмұнына байланысты. Кей жағдайда музыка адамды шабыттандырудың орнына, керісінше, оны бейжай күйге түсіріп, қиял әлеміне жетелеп әкетуі де мүмкін.

Сондықтан ең басты мәселе — талғам. Қазіргі жастар музыкалық талғамға өте зерек болуы керек. Әр нәрсенің өз уақыты, өз шегі бар. Бізде кейде музыка тұтыну да шектен шығып кетеді. Таңнан кешке дейін үздіксіз музыка тыңдау әдетке айналған. Әл-Фараби өз еңбектерінде музыканы белгілі бір күйде, шабыт келген сәтте ғана тыңдағанын жазды. Яғни ол музыканы мақсатсыз тұтынуы емес, оны рухани құрал ретінде пайдалануды ұсынады.

Бүгінде жағдай өзгерді. Технология дамыған сайын кез келген адам ән шығарып, сахнаға шыға алатын деңгейге жетті. Музыка жанрлары көбейді, бірақ сонымен бірге сапа мәселесі де өзекті бола бастады. Біз Үкілі Ыбырай, Ақан сері, Біржан сал сияқты дәстүрлі ән өнерінің өкілдерін тыңдап өскен халықпыз. Бұл терең мағынаға, көркемдікке құрылған мәдени мұра. Ал қазіргі кейбір жеңіл әндермен салыстырғанда айырмашылық айқын көрінеді. Әйтсе де, бұл құбылысты біржақты «мәдениеттің төмендеуі» деп айту да дұрыс емес. Мұнда жаһандану, нарық, аудитория сұранысы сияқты факторлар да бар. Мысалы, әлемдік деңгейдегі шоу-бизнес қалай жұмыс істейтінін қарасақ, Дженнифер Лопес сияқты әртістердің табысы тек өнмен емес, кәсіби продюсерлік, имидж, өзін-өзі күту мәдениетімен де байланысты. Сондықтан бізге де тек сын айту емес, үйрену керек. Өзіміздің дәстүрлі әндерді заманауи форматта ұсыну, сапалы контент жасау, ұлттық музыканы жаңғырту маңызды. Жақсы әндердің насихаты көбейген сайын талғам да қалыптасады. Тіпті, Әбу Насыр әл-Фараби еңбектері негізінде деректі фильмдер, көркем туындылар түсіріп, музыканың философиясын кенінен насихаттауға болады. Музыка — тек ойын-сауық емес, ол ойландудың, рухани емнің бір құралы.

— Әл-Фараби адамның кемелденуін ішкі тәрбие мен ақыл мәдениеті арқылы түсіндірген. Ал қазіргі қоғамда керісінше, адамның сыртқы бейнесі алдыңғы орынға шыққандай. Әлеуметтік желілердегі «көрінуді» мәдениеті «болудан» маңыздырақ болып кеткен жоқ па? Бұл үрдіс қанша уақытқа созылады?

— Бұл — қазіргі қоғамдағы ең өзекті мәселелердің бірі. Расында да, бүгінгі күні «көрінуді» феномені күшейіп келеді. Әлеуметтік желілерде адам өзін көрсетуге, аудитория жинауға ұмтылады. Бұл белгілі бір деңгейде қажет құбылыс. Мысалы, спортшылар немесе өнер адамдары үшін әлеуметтік желі — кәсіби құрал. Алайда мәселе адамның ішкі мазмұнына жеткілікті көңіл бөлінбеуінде. Әбу Насыр әл-Фараби «Ізгі қала» ілімінде ең алдымен адамның жан дүниесінің тазалығына мән береді. Ал біз көбіне сыртқы формаға көбірек назар аударып кетеміз. Әл-Фараби адамның әрекетінде де «орта жолды» ұстануды ұсынады. Яғни шамадан тыс еңбек ету де, мүлде әрекетсіздік те — екеуі де адамға зиян. Бұл қағида қазіргі өмірге де дәл келеді. Бүгінде көптеген адам өзіне шамадан тыс жүк артады. «Бәрін бүгін бітіру керек», «тез жетістікке жету керек» деген стереотиптер бар. Бұл адамды күйзеліске түсіреді. Ал кейбіреулер керісінше, әлеуметтік желідегі «әдемі өмірге» қарап, өз өмірін салыстырып, ішкі қысымға түседі.

— Сонда адам әлеуметтік желінің қысымына қалай төтеп береді немесе сол қысымнан қалай қорғану керек?

— Мұндай жағдайда қорғандың ең тиімді жолы — адамның өз мақсатын айқын білуі. Себебі адамды біріктіретін де, бағыттайтын да — мақсат. Әл-Фараби ілімінде тағы бір маңызды ой бар. Адам өзін танымайынша, өзгені тани алмайды. Яғни адам ең алдымен өзінің мүмкіндігін, шекарасын, құндылығын түсінуі керек. Өз құнын білетін адам — бұл жауһар, нұр. Сондай-ақ «жөк» деп айта білу — қазіргі замандағы маңызды дағдының бірі. Көп жағдайда адамдар ұялып, өз шекарасын қорғай алмай жатады. Жалпы, адамның жан дүниесі — оның қорғаны. Егер адам өзінің ішкі әлемін күтіп, эмоциялық күйін бақылап отырса, сыртқы әсерлерге төзімді болады. Сондықтан «көрінуді» мәдениеті толық жойылып кетпейді, бұл — заман талабы. Бірақ уақыт өте келе адамдар мазмұнға қайта оралады. Себебі сыртқы форманы ұзақ мерзімде пайдалану жеткіліксіз. Ең бастысы, әр адам өзінің рухани дамуына көңіл бөліп, ішкі мәдениетін жетілдіруі керек деп ойлаймын. Сонда ғана біз шынайы мағынадағы «ізгі қоғамға» жақындай аламыз.

— Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Айгүл СЕЙІЛІ

ДАУА

2 MAУСЫМ 2026 | СЕЙСЕНБІ

Бүгінде омыртқа деформациясы мен омыртқа аурулары елімізде басты мәселенің біріне айналды. Мәселен, жыл сайын 17 мыңға жуық адам сколиозға шалдықса, оның 43%-ында бұл ауру алғаш рет анықталады екен. Өкініштісі, ауру жыл сайын жасарып келеді. Бүгінде науқастардың жалпы санының 83%-ы балалар мен жасөспірімдер болып отыр.

ОМЫРТҚА ТЕРАПИЯСЫ: ТҮРЛЕНГЕН ТҮСІНІК, ӨЗГЕРГЕН ЕМ

А Айсұлу СЪЕЗХАН

Жақында елордала омыртқа ауруларының мәселелері және емдеудің ең үздік әдістері жөнінде IV Орталық Азия CAS-MISS-2026 атты конференция өтті. Жиынды еліміз әрі Орта Азия мемлекеттері үшін де ауқымды маңызға ие іс-шара десек артық емес. Конференцияда Оңтүстік Корея, Түркия, Қытай, Өзбекстан сынды медициналық жетістігі жоғары ел мамандары бір ортада тоғысты. Биылғы іс-шарада әлемнің жетекші сарапшылары омыртқа хирургиясының ішінде заманауи эндоскопия мен омыртқаның кіші инвазивті хирургиясының жаңа әдістеріне айрықша назар аударып, тәжірибе алмасты. Шетелдік мамандар екі күндік конференцияда спинальды хирургияның ең күрделі бағыттарымен қатар омыртқа хирургиясына жасанды интеллекттің енгізу мәселесін талқылады, осыған орай арнайы көрме де өтті. Мұндағы спинальды хирургия дегеніміз — омыртқа бағанасы, жұлын және оның айналасындағы жүйке талшықтары ауруларын диагностикалауға және хирургиялық жолмен емдеуге бағыттанған медицинаның саласы.

Негізінен, омыртқа аурулары тұтас әлем үшін де өзекті мәселе болып отыр. Қазір дүниежүзі дәрігерлері мәселені аз қимылдау, сапасыз өмір салтымен ғана байланыстырмайды, смартфон, планшет-компьютерді үзбей пайдаланудың да кері әсерін айтып отыр. Дәрігерлердің ескертуінше, басты алға еңкейтіп ұзақ отыру омыртқаның мойын бөлігіне едәуір күш түсіріп, соның әсерінен жастар да түрлі дертке шалдығып жатыр. Мысалы, қазір жастар арасында да протрузия мен грыжа (омыртқа жарығы) жиі кездесетін болған, арқа мен мойындағы өзге де созылмалы аурулар тым ерте дами бастаған. Күрделі патологияға шалдыққан науқастардың бұдан кейін арнайы ем-домнан өту жолы да оңай емес. Ауру асқынулардан кейінгі қауіп... Ауыр оталар... Ұзақ уақытқа жалғасатын аналту шаралары... Әсіресе, науқастардың көбі грыжа десе, бойға бір қорқыныштың ұялайтынын жасырмайды. Осы қорқыныш енді үнемі кейінге қалдыра беруге бірден-бір себеп болатын еді.

ОЗЫҚ ОМЫРТҚА ОПЕРАЦИЯСЫ

Шетелдік мамандар ендігі кезекте бұл қиындықтарды да жеңіл еңсеретін тиімді әдісті тапты. Не құдірет десеніз, бұл — омыртқаны емдеудің эндоскопиялық және кіші инвазивті технологиялары. Бұл әдіс арқылы операцияның көбін денеге үлкен тілік түсірмей-ақ жасауға болады, яғни небәрі бірнеше миллиметрлік мөлшерде тесу арқылы сәтті операция жүргізу мүмкіндігі туды. Спинальды хирургия адамзат түсінігін түбегейлі өзгертіп, технология елімізде де кейінгі бірнеше онжылдықта

қолданылып келеді. Кіші инвазивті хирургия тіндердің зақымдануын барынша азайтып, операциядан кейінгі оңалу уақытын жылдамдатады, тіпті пациенттің операциядан кейінгі алғашқы тәулікте-ақ аяққа тұрып кетуіне болады. Жиында еліміздің омыртқа хирургиясының өркендеуіне мол үлес қосқан, Оңтүстік Кореядан келген әлемге әйгілі спинальды хирург Кан Таек Лим де баяндама оқыды. Лим дәрігердің әдістемелері мен клиникалық зерттеулері әлемдік спинальды хирургиядағы ең озық тәжірибе қатарына жатады. Біз де білікті дәрігерден тиімді әдіс жөнінде ақпарат алуға тырыстық.

— Кейінгі 10 жылда командамыз эндоскопиялық хирургия саласындағы Орталық Азия мамандарын халықаралық деңгейде дайындап шықты. Эндоскопиялық хирургия — науқастар үшін ең жақсы омыртқа операциясы. Пациенттер омыртқа операциясынан кейін келесі күні үйге де шыға

— Былтырдан бері Орта Азия елдерінде эндоскопиялық әдістерді қолдану жөнінде жобаларды қарқынды түрде жетілдіруге қолға алып, жиі іс-шара өткізіп жатырмыз. Қазір кіші инвазивті операцияларды өз елімізде жасаймыз, шетелде барудың қажеті жоқ, біз де жетекші елдермен тең дәрежеде жұмыс істей аламыз, — дейді М.Өмірханұлы.

Дәрігердің айтуынша, еліміз омыртқа ауруларына байланысты шұғыл және жоспарлы түрде өтетін көптеген операцияны жасауға жетік маманданған. Қазақ нейрохирургтар ассоциациясы мен Ұлттық нейрохирургия орталығының президенті Серік Ақшолоков та бұл пікірге толықтай келіседі. Оның сөзінше, қазір Ұлттық нейрохирургия орталығы мен Травматология және ортопедия орталығында да жыл сайын 500 операция жасалады. Оның шамамен 30-40%-ы кіші инвазивті нейрохирургияға тиесілі.

— Н.Батпенев атындағы Ұлттық ғылыми травматология және ортопедия орталығы үлкен іс-шара жүргізіп жатыр. Технологияның дамуы науқастарға жеңіл жәрдем көрсетудің үлкен үлгісі болды деп есептеймін. Себебі олардың операциядан кейінгі оңалу уақыты, жұмысқа шығу, қайта қалпына келуі жылдамдықпен өтеді. Негізі, бұл технологияны қолданып келе жатқанымызға жиырма жылдай уақыт болды. Шетелдік әріптестермен де әрдайым бас қосып, тәжірибе алмасамыз, бұл саланың дамуына, пациенттердің тез сауығуына мүмкіндік сыйлайды, — дейді профессор.

Серік Ақшолоковтың айтуынша, ауруды ерте диагностикалау және патологияны уақытында анықтау басты орында, сонда ең кіші инвазивті терапия жүргізу мүмкіндік жоғары болады. Солайша, науқастардың реабилитациясы да әлдеқайда тез өтеді және де ерте диагностикадан өту кей жағдайларда белгілі бір неврологиялық симптомдарды да анықтауға мүмкіндік береді.

— Пациенттер мына мәселені жақсы түсінуі керек: кіші инвазивті операциялар уақытылы көмек көрсету арқылы ауыр асқынулардың алдын алады. Егер адам уақытылы медициналық көмек алмаса, қалыпты өмірде ауыр мәселелерге тап болуы, тіпті жүре алмай қалуы да мүмкін. Көбінесе дегенеративті-дистрофиялық омыртқа аурулары — омыртқааралық грыжалар, стеноздар да пайда болады. Бұрын мұндай мәселе тек карт адамдарда болатын, қазір жастар арасында да жиі кездеседі, — дейді С.Ақшолоков.

ОТАНДЫҚ ХИРУРГИЯНЫҢ БЕТАЛЫСЫ

Отандық омыртқа хирургиясы да көштен қалмай, күн санап дамып келеді. IV Орталық Азия CASMISS-2026 конференциясының елімізде өтуі де соның бір үлгісіндей. Травматология және ортопедия ғылыми-зерттеу институтының Омыртқа бөлімінің басшысы Мұрат Өмірханұлы отандық мамандардың заманауи әдістердің қыр-сырын меңгеріп, білім-білігін жетілдіріп келе жатқанын айтады.

— Бұл мәселе біз үшін өзекті болып отыр. Қазір дәрігерлердің басты міндеті — науқастарды ерте диагностикалау және патологияны уақытында анықтау басты орында, сонда ең кіші инвазивті терапия жүргізу мүмкіндік жоғары болады. Солайша, науқастардың реабилитациясы да әлдеқайда тез өтеді және де ерте диагностикадан өту кей жағдайларда белгілі бір неврологиялық симптомдарды да анықтауға мүмкіндік береді.

— Пациенттер мына мәселені жақсы түсінуі керек: кіші инвазивті операциялар уақытылы көмек көрсету арқылы ауыр асқынулардың алдын алады. Егер адам уақытылы медициналық көмек алмаса, қалыпты өмірде ауыр мәселелерге тап болуы, тіпті жүре алмай қалуы да мүмкін. Көбінесе дегенеративті-дистрофиялық омыртқа аурулары — омыртқааралық грыжалар, стеноздар да пайда болады. Бұрын мұндай мәселе тек карт адамдарда болатын, қазір жастар арасында да жиі кездеседі, — дейді С.Ақшолоков.

— Бұл мәселе біз үшін өзекті болып отыр. Қазір дәрігерлердің басты міндеті — науқастарды ерте диагностикалау және патологияны уақытында анықтау басты орында, сонда ең кіші инвазивті терапия жүргізу мүмкіндік жоғары болады. Солайша, науқастардың реабилитациясы да әлдеқайда тез өтеді және де ерте диагностикадан өту кей жағдайларда белгілі бір неврологиялық симптомдарды да анықтауға мүмкіндік береді.

— Пациенттер мына мәселені жақсы түсінуі керек: кіші инвазивті операциялар уақытылы көмек көрсету арқылы ауыр асқынулардың алдын алады. Егер адам уақытылы медициналық көмек алмаса, қалыпты өмірде ауыр мәселелерге тап болуы, тіпті жүре алмай қалуы да мүмкін. Көбінесе дегенеративті-дистрофиялық омыртқа аурулары — омыртқааралық грыжалар, стеноздар да пайда болады. Бұрын мұндай мәселе тек карт адамдарда болатын, қазір жастар арасында да жиі кездеседі, — дейді С.Ақшолоков.

— Пациенттер мына мәселені жақсы түсінуі керек: кіші инвазивті операциялар уақытылы көмек көрсету арқылы ауыр асқынулардың алдын алады. Егер адам уақытылы медициналық көмек алмаса, қалыпты өмірде ауыр мәселелерге тап болуы, тіпті жүре алмай қалуы да мүмкін. Көбінесе дегенеративті-дистрофиялық омыртқа аурулары — омыртқааралық грыжалар, стеноздар да пайда болады. Бұрын мұндай мәселе тек карт адамдарда болатын, қазір жастар арасында да жиі кездеседі, — дейді С.Ақшолоков.

— Пациенттер мына мәселені жақсы түсінуі керек: кіші инвазивті операциялар уақытылы көмек көрсету арқылы ауыр асқынулардың алдын алады. Егер адам уақытылы медициналық көмек алмаса, қалыпты өмірде ауыр мәселелерге тап болуы, тіпті жүре алмай қалуы да мүмкін. Көбінесе дегенеративті-дистрофиялық омыртқа аурулары — омыртқааралық грыжалар, стеноздар да пайда болады. Бұрын мұндай мәселе тек карт адамдарда болатын, қазір жастар арасында да жиі кездеседі, — дейді С.Ақшолоков.



Дәрігердің сөзінше, қазір ірі операцияларды да эндоскопиялық әдістер арқылы жасауға болатыны ғылыми тұрғыда дәлелденген. Кіші инвазивті операцияның артықшылығында осында жатыр, жаракат пен зақымдану деңгейі азырақ болады. Бұрын ашық операциялардан соң пациентті орнынан 5-6 күн тұрғызбай жатқызатын, қазір кіші инвазивті операциядан соң қорқынышсыз қозғалуға болады.

ӨЗБЕК ЕЛІМЕН ДЕ БАЙЛАНЫС АРТТЫ

Кейінгі кезде көршілес Өзбекстан елі де омыртқа хирургиясына айтарлықтай көңіл бөліп, эндоскопиялық операцияға көшіп жатыр. Мұнда жыл сайын осы әдіс арқылы мыңнан аса операция жасалады. Өзбекстан эндоскопиялық хирургия мектебін де құрып үлгерген, қазір елде жүзден аса хирург тиімді әдістің көмегімен операция жасауға машықтанған.

— Эндоскопиялық хирургия — омыртқа аурулары ең заманауи, ең жоғары технологияға сай, ең тиімді операциялық емдеу. Жапония, Қытай, Швейцария, Швеция, Германия, АҚШ сынды медицинасы дамыған елдердегі шетелдік әріптестеріміздің көмегімен Өзбекстанда эндоскопиялық хирургия мектебін құрдық. Дәрігерлеріміздің бәрі шетелде оқып білім алды. Елімізде әлемнің ең озық технологиялық жабдықтары бар, жас мамандардың да білім алуына арнайы қаржы бөлініп жатыр, — дейді өзбекстандық хирург Шахайдар Шатурсунов.

Кейінгі екі жылда еліміз өзбек елінің мамандарымен де бірлесіп жұмыс істеп, тәжірибе жинап жатыр. Өзбекстандағы спинальды травматология және хирургия бойынша оқу бағдарламасына отандық дәрігерлер де қатысып жүр. Ш.Шатурсунов алда қос елдің ортақ жобалары іске асатынына сенімді.

— Қазақстан мен Өзбекстан бірлесіп, Кореяның үздік мамандарымен жана жобаларды дамытып жатыр, себебі Корея — эндоскопиялық технологиялар бойынша әлемдік көшбасшылардың бірі. Әсіресе, Лим профессор қазақстандық медициналық жобаларға атсалысып келеді. Оның бірегей технологиясы, жеке өндірісі мен әлемдік революцияға айналған технологиялық операциялары бар. Өзбекстан да бұл бағытта дамып келеді, — дейді дәрігер.

РОБОТТАНҒАН ЖҮЙЕГЕ ҚАДАМ БАСТЫҚ

Қазір Н.Батпенев атындағы Ұлттық ғылыми травматология және ортопедия орталығында бірнеше робот жұмыс істеп

тұр. Оның қатарында Қытай мен Үндістаннан әкелінген роботтар да бар. Алда «Қазақстан халқына» қорының қаржыландыруымен Америка елінен де роботтанған технология әкелінбек, бұл роботтарда да ЖИ құралдары бар. Орталық мамандары былтырдан бері роботтанған жүйе арқылы операция жасауды үйреніп жатыр. Отандық дәрігерлер толықтай тәжірибе алған соң, облыстық ауруханадағы мамандарға арнап курс жүргізбек.

— Мамандарымыз Үндістанға да барып тәжірибе жинап келді, сәуір айында да шеберлік сабақтары өтті. Әріптестеріміз әлі де еңбек етіп жатыр. Роботтанған жүйенің де арнайы инженері, техник мамандары болады. Бұл күрделі, ауқымды жұмыс болғандықтан, тұтас ұжым кезек-кезеңімен менгеруге тиіс, — дейді орталықтың басшысы Олжас Сапарғалиұлы.

Хирургияда кішкентай кателіктің өзі ауыр зардапқа әкелуі мүмкін, сол себепті сала мамандары үшін жауапкершілік жүгі әрдайым ауыр. Ал роботтанған технология дәрігерге үлкен көмекші болады. Әрине, дәрігер робот жұмысын басқарады, бірақ робот қате жібермеуге әрекет етеді. Оны орталық басшысы былай түсіндіріп берді:

— Операция алдында омыртқаға қалай имплант қоютынын, қандай әдісті қолданатынымызды — бәрін түгелдей жоспарлаймыз. Операция кезінде робот тек өз диапазонын ұстап, жоспардан ешқашан ауытқымайды. Ол тек өз жолын көрсетеді, егер басқаша орындаса, роботтың жұмысы бірден тоқтап қалады. Робот компьютерлік томографияға қарап, науқастың жағдайын түгелдей сканерден өткізеді. Сүйек кесу, буын ауыстыру, қандай операцияда да робот өз алгоритмімен жұмыс істейді, — дейді О.Сапарғалиұлы.

Травматология және ортопедия саласында жанаалық мұнымен таусылар емес. Енді облыстық өңірлерде аймақтық (региональды) травматологиялық орталық жүйесін ашу жөнінде пилоттық жоба басталды. Қазір бұл жоба Балқаш қаласында қолға алынған, себебі аймақ автомагистральға жақын орналасқан. Аймақтық травматологиялық орталық ашу — жол-көлік оқиғалары мен басқа да жазатайым жағдай кезінде, жалпы адам өмірін сақтап қалуға шұғыл медициналық көмектің сапасын арттыруды көздейтін маңызды қадам. Қарағанды, Алматы қалалары да бұл жобаға дайын. Қысқасы, бір конференция аясында қаншама қуанышқа кенеліп үлгердік, алда талай жоба, талай жоспардың жемісі халық игілігіне жарамақ.

ДАМУ

ЖАҢАТАСТАҒЫ ЖАҢА ЗАУЫТ

Кейінгі бес жылда Қазақстанның химия өнеркәсібі тұрақты өсім көрсетіп, өңдеу секторындағы маңызды салалардың біріне айналды. Өткен жылы химия өнеркәсібінің өңдеу өнеркәсібі құрылымындағы үлесі 5,2 пайызға дейін өсіп, бір жыл бұрынғы 4,6 пайыздық көрсеткіштен айтарлықтай артты.

А Саятхан САТЫЛҒАН, Жамбыл облысы

Бұл нәтижеге қол жеткізуге химия өнеркәсібінің астанасы саналып кеткен Жамбыл өңірінің қосып келе жатқан үлесі орасан. Өйткені өнеркәсіп саласын дамыту — аймақтағы инвестициялық саясаттың басым бағытының бірі. Қазір химия өнеркәсібі, құрылыс материалдарын өндіру және шикізатты өңдеу салаларында бірқатар ірі жоба жүзеге асырылуда. Әсіресе, химиялық кластерді дамытуға ерекше мән берілуде. Бұл бағытта минералды тыңайтқыштар мен химиялық өнімдер шығаратын жана кәсіпорындар ашылып, өндіріс көлемін ұлғайтуға және экспорт әлеуетін арттыруға мүмкіндік береді.

Аталған бағыттағы жұмыстар, әсіресе Сарысу ауданында қарқынды жүргізілуде. Оған қазба байлықтарымен, өндіріс ошақтарымен мекенділік кеншілер аймағының әлеуеті жетіп тұр. Мұнда минералды тыңайтқыштардан бөлек, көптеген қазба байлықтардың көздері табылып, игеру жұмыстары қарқын алып жатыр. Оған жуырда ғана аудан орталығы — Жанатас қаласының іргесінде ашылған жана зауыт анық дәлел болып отыр.

«ЕуроХим-Қаратау» ЖШС-ға қарасты күкірт қышқылын өндіретін кәсіпорын өткен айдың аяғында іске қосылды. Салтанатты шараға Жамбыл облысының әкімі Ербол Қарашөкеев пен Өнеркәсіп және құрылыс министрі Ерсайын Нағаспаев қатысты.

Жылына 800 мың тонна күкірт қышқылын өндіруге қауқарлы жана өндіріс орны — «ЕуроХим» компаниясының заманауи химия кешенін салуға бағытталған ауқымды инвестициялық жобасының бір бөлігі. Жобаның жалпы инвестициялық көлемі 1 миллиард АҚШ долларына дейін жетеді.

Салтанатты жиында сөз сөйлеген өңір басшысы өңдеуші өнеркәсіпті дамыту ел экономикасындағы негізгі басым бағыттың бірі екенін атап өтті.

— Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында қазіргі кезеңдегі ең маңызды міндеттің бірі — елдің берік өнеркәсіптік негізін қалыптастырып, экономикалық дербестікті нығайту екенін айтқан болатын. Сондықтан өңдеуші секторды жедел дамытуға айрықша мән беру қажет. Бұл кәсіпорынның іске қосылуы — инвестицияның, заманауи технологиялардың және өндіріс өндірістік әлеуетінің нақты



нәтижеге ұласқанын көрсетеді, — деп Ербол Қарашөкеев.

Жалпы, 2026 жылдың қаңтар-сәуір айларының қорытындысы бойынша, Жамбыл облысына тартылған негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 277,2 миллиард теңгені құрап, өткен жылмен салыстырғанда 38,3 пайызға артық. Қазір өңірде жалпы құны 5,6 триллион теңгені құрайтын 116 инвестициялық жобадан тұратын пұл қалыптасқан.

Ал биыл жалпы құны 471 миллиард теңге болатын 47 жобаны жүзеге асырып, мыңнан астам жана жұмыс орнын ашу жоспарлануда. Бүгінде жалпы құны 144,3

миллиард теңгені құрайтын 5 жоба іске қосылып, 485 адам тұрақты жұмыспен қамтылған.

Облыс әкімінің айтуынша, химия өнеркәсібі Жамбыл өңірі үшін стратегиялық маңызға ие. Республикадағы фосфорит қорының 72 пайызы облыс аумағында орналасқан.

Қазір өңірдің химия саласында 44 кәсіпорын жұмыс істейді. Негізгі бағыттар қатарында фосфорлы шикізат өндіру, минералды тыңайтқыштар шығару және өзге де химиялық өнімдер өндіру бар. 2026 жылдың қаңтар-сәуір айларында облыстың химия өнеркәсібіндегі өндіріс көлемі 150,6

миллиард теңгені құрап, өсім 16,5 пайыз болған.

Соның ішінде «ЕуроХим-Қаратау» компаниясының ірі жобасы бірнеше кезең бойынша жүзеге асуда. Алғашқы кезең 2016 жылы іске асырылып, фосфорит шикізатын өндіру және өңдеумен айналысатын тау-кен байыту кешені пайдалануға берілген. Бұл кезеңдегі инвестиция көлемі 126 миллион АҚШ долларын құрады. Кәсіпорын 2026 жылдың қаңтар-сәуір айларында 8 миллиард теңгенің 344,9 мың тонна өнімін өндірген.

Қазір жобаның екінші кезеңі бойынша қарқынды жұмыс жүргізілуде. Атап айтқанда, минералды тыңайтқыштар мен индустриялық өнімдер шығаратын өндіріс кешені салынуда. Биыл мамыр айында оның алғашқы нысаны — күкірт қышқылын өндіретін зауыттың құрылысы аяқталды. Ал негізгі химия өндірісін іске қосу 2027 жылдың бірінші тоқсанына жоспарланған. Кәсіпорынның өндірістік қуаты жылына 1 миллион тоннаға дейін өнім шығаруға мүмкіндік береді.

Жобаның басты ерекшелігінің бірі — заманауи әрі экологиялық қауіпсіз технологиялардың қолданылуы. Жана өндірістің жанама өнімі ретінде кальций хлориді мен синтетикалық гипс алынбақ. Бұл өнімдер түрлі өнеркәсіп салаларында кенінен қолданылады.

Құрылыс кезеңінде 2 мыңға дейін адам жұмыспен қамтыла, кәсіпорын толық іске қосылғаннан кейін кемінде 1 200 тұрақты жұмыс орны ашылады деп жоспарлануда. Қазірдің өзінде «ЕуроХим» компаниясының кәсіпорындарында мыңнан астам адам еңбек етуде. Бұдан бөлек, сервистік және аутсорсингтік ұйымдарда тағы 300-ге жуық жұмыс орны құрылған.



Балаларды қорғау күні балалықты аңсайтындар үшін де ерекше қымбат мәнге ие. Осы орайда балалық шаққа саяхат құрып, сағынышын басқысы келетіндерге ғажап бір орын таптық. Не десеңіз, ойыншықтар музейі. Иә, ойыншықтар музейі. Қостанайда балаларға арналған Ойыншықтар музейі жұмыс істейді, әзірге бұл музей елдегі алғашқы және жалғыз балалар музейі болып отыр.

Негізінен, ойыншықтар музейін ашу әлемдік тәжірибеде бұрыннан бар, әсіресе мұндай музейлер Ресей, Түркияның бірнеше қаласында орналасқан. Сонымен қатар Украина, Эстония, Шотландия, Франция, Ұлыбритания, Сингапур елінен де ойыншықтар музейіне бара аласыз. Бұл – бөлек әңгіме. Біз еліміздегі ойыншықтар музейінің жай-күйін сөз етпекпіз. Музей Қостанайдағы Казак-француз мәдени және сауда үйінің

ЖАЛҒЫЗ МУЗЕЙДІҢ ЖҰМБАҚ КҮЙІ

төртінші қабатында орналасқан. Казак-француз орталығы мен музейдің ашылуы да жергілікті халықтың сөзінше, бір жұмбаққа толы кейіпте. Біз орталықтың әкімшісі Виктория Витальевна әңгімеге тартып көрдік. Оның әңгімелеуінше, орталық алғашында казак-француз мектебі болып салынған. Алайда неге екені белгісіз, ғимарат кейіннен мектеп емес, казак-француз сауда үйіне айналады. Орталықты жергілікті кәсіпкерлердің бірі салған және ғимараттың манайындағы Наполеон Бонапарт, Чарли Чаплин, Мерри Попинс, Жанна Дарк сынды 11-ге жуық тұлғаның мүсінін қала халқына сыйға тартқан. Мұндай мүсіндер казак жерінен бөлек, әлемнің 11 елінде ғана бар. Казак-француз орталығы орналасқан Гоголь көшесінің бойымен жаяу жүрсеніз, Еуропаның көне көшелеріне түсіп кеткендей күй кешесіз. Кәсіпкер ғимарат үлгісін де қала архитектура-сына ерекше сән беру мақсатында өзі жасаған көрінеді. Ғимарат мұнарасында сағат та бар, 12.00–18.00 арасында сағат сайын түрлі әуен ойынылып, сағаттың қақпақтары, қуыршақтар би билейді. Бұл сағат та елімізде әзірге біреу ғана екен.

Ал қалаға келген туристер музейді әлдеқайда үлкен деп елестеткен екен. Қызығы, музеймен қатар ателье де, офисте, киім дүкені де бірге бір қабатта орналасқан, балаларға арналған ойын алаңы мен ойыншық дүкені де 4-қабатта тұр. Әрине, ойыншық музейінің жанында балаларға тиесілі орталықтың болғаны, бір жерде шоғырланғаны тамаша көрінеді, бірақ музейдің орналасуы мен жарықтандыруына өзгерістер қажеті анық. Алайда ойыншықтарға мұқият көңіл аударып қарасаңыз, расымен де, баға жетпес байлықтың үстінен түскенінсіз сіз де мойындар едіңіз.


Музейде әлемнің түрлі елінен келген небір ойыншық жиналған. 2008 жылы ашылғанда, бұл жерде 2 мыңға жуық ойыншық болған. Қазір мұнда 3 мыңнан аса экспонат сақтаулы. Жұрттың айтуынша,

ойыншықтарды белгісіз саяхатшы Қостанай қаласына сыйлаған. Орталықтың әкімшісі де ойыншықтарды нақты кім сыйлағанын білмейтін болып шықты, ойыншықты табыстаған адам аты-жөнін құпия сақтауды өтініпті. Музейде адамзат баласының ең көне ойыншықтарынан бастап, қазіргі модельдерге дейін толық жинақталған. Музейдің негізін қалаушылар ойыншық тарихын зерттеуді мақсат еткені де байқалады. Мұнда өткен ғасырлардағы темірден жасалған небір ғажап көлік түрлері сақталған, ағаш көліктер де жетерлік, қашықтан бас-



қарылатын көліктер мен қозғалмалы ең үлкен пойыз бар. Музейдегі қуыршақтарға қанша қарасаңыз да, көз тоймайды, бәрі де ерекше талғаммен жасалған. Қуыршақтардың дені фармордан құйылған, бейне бір шынайы адамға ұқсайды, шүберек-матадан жасалған қуыршақтармен қатар пластик қуыршақтар да осы жерден табылады. Барби топтамасын да көре аласыз, тіпті қуыршақтардың аяқкімі бір сөреге

топтастырылған. Ойыншықтарға қарай-қарай өзіңіз де бала болғыңыз келеді, сөреде тұрған ойыншықты қолға алып, ұстап көріп, ойнасам дейсіз... Мұражайда ең ежелгі ойыншықтардың көшірмесі де бар, кемелер мен әртүрлі қару-жарақ та қойылған. Кейін ойыншықтарға қарап қызықтап жүрген топ баланы көзіміз шалды. Орталықтың қызметкері Виктория Витальевна қонақтарға шамасы келгенше, ақпар беріп, музейді таныстыруға тырысатынын айтты. Қазір музейдегі бұйымдарға бас-көз болып жүрген де – Виктория ханым.



– Бүгінде Казак-француз орталығының әкімшісі ретінде мұражайға жауаптымын. Маған балаларға арналған ойын алаңындағы менеджерлер де көмектеседі. Экспонаттарға бірге қамқорлық жасаймыз, музейді жақсы жағдайда ұстауға тырысамыз, – дейді қызметкер.

Ол 2024 жылдан бері осы орталықта жұмыс істеп келеді, одан бұрын да өзге мамандар дәл солай жанашырлықпен

қарап келген. Сонымен қатар музейде сирек кездесетін мың жылдық тарихы бар саздан жасалған мүсіндер бар. Шаолин ғибадатханасындағы VI ғасырға жататын ойыншық та сақтаулы. «Шелкунчиктер» мен темір құбыжықтар да осында.

– Мұражайда қауықтан жасалған ойыншықтар бар. Бұрын мұражайға әлемнің түрлі қаласынан сыйлықтар келетін. Экспонаттардың арасында Санкт-Петербург, Саратов және басқа да қалалардан сыйға келген ойыншықтар бар. Мұражайда балалар үйінің балалары жасаған ойыншықтар да сақталған, – дейді орталық қызметкері.

Оның сөзінше, музейге күнделікті қанша адам келетінін кесіп айту өте қиын, себебі желушілерді есептеп-бақылау жүргізетін арнайы маман жоқ. Есесіне, қонақтардың жылы лебіз білдіруіне арналған кітапша бар, бұл кітапшаға Испания, Германия, Франция сынды елден келген туристер тілегін жазып қалдырған. Қала жұрты да ғажапай ойыншықтарды музей қорына табыстап жатады.

– Мұражайдың ойыншықтар коллекциясы азайған жоқ. Біз қосымша сөрелер қосып, экспонаттарды қайта ұйымдастырдық. Мұражай ресми мәртебесін сақтап қалады, экспонаттарды мұқият күте береміз, қолдан келгеннің бәрін жасауға тырысамыз, – дейді Виктория ханым.

Қызметкердің айтуынша, балалар күніне орай Ойыншық музейіне баратын балалардың қатары артады, отбасылар да жиі қызығушылық танытады. Жаңғыр лагердің оқушылары да белсенді. Айтпақшы, музейдегі экспонаттарды ақысыз түрде тамашалай аласыз. Қай жастағы адам да ойыншыққа қызықпай қоймайды, себебі бәрі де бала болған. Елдегі балаларға арналған жалғыз музейге көңіл бөлінсе деген тілек бар...

Ақбөпе АЙЖАРЫҚ

«ДОСТЫҚ ҮЙІ» – ТАТУЛЫҚ ШАҢҒЫРАҒЫ



Салтанатты рәсімге облыстық мәслихат депутаттары, басқарма басшылары, зиялы қауым өкілдері мен кәсіпкерлер, этномәдени бірлестіктердің, ақсақалдар мен аналар кеңесінің мүшелері, Қоғамдық келісім және даму орталығының қызметкерлері қатысты. Қазір өңірде 105 этнос өкілі тату-тәтті өмір сүруде. Облыста тіркелген 34

Қонаев қаласында Алматы облыстық «Достық үйі» ғимаратының құрылысы басталды. Өңірдегі қоғамдық келісім мен этносаралық татулықты нығайтуға бағытталған маңызды жобаны жергілікті ірі кәсіпкерлер өз қаражаты есебінен жүзеге асыруда. Шара барысында облыс әкімі Марат Сұлтанғазиев пен Парламент Сенатының депутаты Жанболат Жөргенбаев аймақтағы этномәдени бірлестіктердің төрағаларымен бірге ғимараттың іргетасына уақыт қапсуласын салды.

манызды тапсырманың жүзеге асуына куә болып отырмыз. Өздеріңізге белгілі, мемлекет тарапынан облысымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуына әрдайым айрықша қолдау көрсетіліп келеді. Соның нәтижесінде өңірімізде кәсіпкерлік пен өндірістің өркендеуіне мол мүмкіндіктер ашылды. Атап айтқанда, 2022–2025 жылдар аралығында Алматы облысына 3,7 трлн теңге инвестиция тартылды. Жалпы құны 930,3 млрд теңге болатын 120 жоба пайдалануға беріліп, оның аясында 14 мың жаңа жұмыс орны құрылды. Осы мүмкіндіктерді тиімді пайдаланып, өңір

алдындағы азаматтық жауапкершіліктің жоғары үлгісін көрсетіп отыр. Бұл шаңырақ ел бірлігі мен татулықтың ордасына айналады деп сенемін», – деді Марат Елеусізұлы.

«Ассамблея жастары» республикалық қоғамдық бірлестігінің Алматы облысы бойынша төрағасы Вера Плетнева жана ғимарат жана мүмкіндіктерге жол ашатынын жеткізді. «Бүгін біріміз тарихи сәттің куәсі болып отырмыз. Қазақстан 100-ден астам этнос өкілін бір шаңырақ астына біріктіріп, шынайы достықтың жаршысы болып отыр. «Бірлік бар жерде тірлік бар» деп бекер айтылмаған. Біздің басты мақсатымыз – татулықты ту етіп, еліміздің дамуына үлес қосу. Ал Алматы облысында «Достық үйінің» бой көтеруі біздің жұмысымызға серпін беріп, жана белестерді бағындыруға септігін тигізеді. Әсіресе, Ассамблея жастарына үлкен үміт пен жігер сыйлайды», – деген ол облыс әкімдігі мен жобаға ұйытқы болған кәсіпкерлерге алғыс айтты.

Нысан 2 қабатты, 1 блоктан тұрады. Жоба бойынша этно-мәдени орталықтар мен бірлестіктер кабинеттері, 56 орынды конференц-зал, 300 орынды мәжіліс залы салынады. Сондай-ақ ғимарат алдына биіктігі 92 метр болатын Ту тұғыр орнатылады. Нысан құрылысы үш ай бойы жүргізіліп, жыл соңына дейін пайдалануға беріледі.

М.ТӨЛЕУ

экономикасының өркендеуіне елеулі үлес қосқан кәсіпкерлеріміз бүгін «Достық үйі» өз қаражаттары есебінен салуға қолдау білдіру арқылы ел



этномәдени бірлестік пен қоғамдық ұйым түрлі әлеуметтік жобаны қолға алып, өзара татулық пен сенімді арттыруға қызмет етуде. Сондықтан бұл «Достық үйі» аталған құрылымдардың басын біріктіретін кара шаңыраққа айналмақ. Мұнда олардың нәтижелі жұмыс істеуіне барлық жағдай жасалып, жастар бастамаларын қолдауға, пікір алмасуға, мәдени және қоғамдық жобаларды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін заманауи орта қалыптасады.

Аймақ басшысы өз сөзінде «Достық үйі» құрылысының басталуы облыс үшін тарихи маңызы зор, айтулы оқиға екенін атап өтті.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқы Ассамблеясының 2025 жылы өткен XXXIV сессиясында көптілді Алматы облысында «Достық үйі» салу қажеттігі жөнінде нақты тапсырма берген болатын. Бүгін сол

ӘЛЕУМЕТТІК САЯСАТТЫҢ БАСЫМ БАҒЫТЫ

Шымкент қаласында аға буын өкілдерінің өмір сапасын жақсартуға, олардың денсаулығын нығайтып, қоғамдық белсенділігін арттыруға бағытталған әлеуметтік жобалар жүйелі түрде жүзеге асырылып келеді. Соның ішінде халықтың ризашылығына ие болып отырған маңызды бастаманың бірі – Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасына қарасты Белсенді ұзақ өмір орталығы.



Назгүл НАЗАРБЕК,
Шымкент қаласы

Бүгінде бұл орталық тек зейнеткерлердің бос уақытын тиімді ұйымдастыратын мекеме ғана емес, егде жастағы азаматтардың физикалық және рухани саулығын қолдайтын, олардың қоғамнан шет қалмай, белсенді өмір сүруіне мүмкіндік беретін әлеуметтік-сауықтыру алаңына айналды. Мұнда қарттарға жан-жақты қолдау көрсетіліп, олардың өмірге деген құлшынысын арттыруға ерекше көңіл бөлінеді. Қазір орталықтың қала аумағында орналасқан төрт бөлімшесінде күніне 800-ге жуық зейнеткерге тұрақты түрде қызмет көрсетіледі. Ал жыл басынан бері 3 200-ден астам адам қамтылып, 323 жаңа қатысушы тіркелген. Бұл орталыққа деген сенім мен сұраныстың жылдан-жылға артып келе жатқанын аңғартады.

Орталықта қариялар үшін 36 түрлі қызмет түрі ұйымдастырылған. Атап айтқанда, емдік денешынықтыру, массаж, фитобар, психолог қызметі, тұзды кабинет, шунгит терапиясы, бассейн, йога, хореография, еңбек терапиясы секілді сауықтыру бағытындағы жұмыстар тұрақты түрде жүргізіледі. Сонымен қатар бейнелеу өнері, киш өнері, кітапхана, музыка, компьютерлік және қаржылық сауаттылық курстары, ағылшын және араб тілдерін оқыту сабақтары да зейнеткерлердің қызығушылығын арттырып отыр.

Әсіресе, егде жастағы азаматтардың шет тілдерін үйренуге деген ынтысы ерекше назар аудартады. Соңғы уақытта ағылшын тіліне қызығушылық айтарлықтай өсіп, бүгінде төрт бөлімшеде екі ауысым бойынша 180-ге жуық қызмет алушы шет тілін меңгеруде. Бұл – қазіргі заман талабына бейімделуге деген аға буынның талпынысын көрсететін жарқын мысал. Орталықтағы жұмыстар ғимарат ішінде ғана шектелмейді.

Әр апта сайын зейнеткерлер Дендрозабакта серуендеп, түрлі мәдени-танымдық және сауықтыру іс-шараларына қатысады. Сонымен қатар Ж.Шанин атындағы академиялық драма театрына барып, тегін қойылымдарды тамашалау дәстүрге айналған. Мұндай шаралар олардың рухани әлемін байытып қана қоймай, қоғаммен байланысын нығайта түседі.

Белсенді ұзақ өмір орталығының медициналық-сауықтыру бағытындағы жұмыстар нақты нәтижесін беріп отыр. Мамандардың мәліметінше, орталық қызметін тұрақты пайдаланушылар арасында гипертония бойынша емделушілердің 93 пайызында, бронхитпен ауыратындардың 95 пайызында, артрит дертіне шалдыққандардың 68 пайызында оң өзгеріс байқалған. Ал артық салмақ мәселесі бойынша ем қабылдаған азаматтардың 82 пайызында денсаулық көрсеткіштері жақсарған. Бұл көрсеткіштер Шымкент қаласында қарттарға қолдау көрсету жүйесі жана денгейге көтерілгенін айқын аңғартады. Мемлекет тарапынан көрсетіліп отырған әлеуметтік қамқорлықтың нақты нәтижесі ретінде Белсенді ұзақ өмір орталығы аға буынның денсаулығын нығайтып қана қоймай, олардың қоғам өміріне белсенді араласуына мүмкіндік беріп келеді.

Қазак халқы қашанда қариясын қазына санаған. Сондықтан егде жастағы азаматтарға жағдай жасау – әлеуметтік міндет емес, ұлттық құндылықтарды дәріптеудің де маңызды көрінісі. Осы тұрғыдан алғанда, Шымкенттегі Белсенді ұзақ өмір орталығы – ұрпақтар сабақтастығын сақтап, қарттардың өмірге деген сенімін арттыратын табылымды бастама. Қоғамның дамуы аға буынға көрсетілген құрметпен өлшенеді. Ал Шымкентте жүзеге асып жатқан мұндай игі жобалар қарияларға қамқорлық көрсетудің заманауи әрі тиімді моделін қалыптастырып отырғаны анық.



«Қайдан келдім, қайда барамын?»

Көзі соқырдан қорықпа, көңілі соқырдан қорық» дейді халық даналығы. Расында, адамды жолдан жаңылдыратын көздің емес, сананың қараңғылығы. Бүгінде айналасына қарап тұрса да ақиқатын көрмейтін, естіп тұрса да өзгенің мұңын сезбейтін жандар аз емес. Осындай терең ойды арқау еткен әйгілі бельгиялық драматург Морис Метерлинктің «Соқырлар» трагедиясы театр сахнасында қойылып, көрерменге терең ой тастады.

Жүз жылдан астам уақыт бұрын жазылған Метерлинктің «Соқырлар» пьесасын «Қанаттылар» инклюзивті театрының ұжымы ұсынды. Спектакльде адамзаттың жалғыздығы, ақиқатты іздеуі, тағдыр алдындағы дәрменсіздігі мен қорқынышы бейнеленеді. Философиялық астары терең қойылымға барлығы 16 әртіс қатысты. Олардың арасында көру қабілеті әлсіз және есту мүмкіндігі шектеулі жандар да бар. Алайда олар сахнада мүмкіндіктің емес, талант пен рухтың үстем екенін көрсетті. Қойылым барысында сахнадағы әрбір қимыл мен әрбір эмоция көрермен жүрегіне жол тауып, терең ойға жетеледі.

Қойылым сюжеті бойынша бір топ зағип жан қалың орманда адасып қалады. Олар өздерін алып шығуға тиіс дін қызметкерін күтеді. Алайда кейіпкерлер өздеріне жол көрсетуші адамның әлдеқашан көз жұмғанын білмейді. Белгісіз жағдайда қалғандардың бойын қорқыныш пен үмітсіздік билейді. Олар бір-біріне демеу болып, кейіпкердің әрқайсысы тығырықтан шығудың жолын іздейді. Бірақ олардың көбі қайда бара жатқанын емес, өз айтқанының дұрыстығын дәлелдеуге көбірек ұмтылады. Сол сәтте физикалық соқырлықтан бұрын рухани соқырлықтың салдары ауыр екенін түсінесін. Өйткені адамның көңілі соқыр болатын кездер де кездеседі. Қойылымдағы тағы бір әсерлі тұс – кейіпкерлердің қауіп сөйілгендей көрінген сәтте бірден бейкам күйге түсуі. Айналасындағы жағдай өзгермесе де, уақытша тыныштыққа алданып, шынайы қатерді ұмытып кетеді. Бұл да адам табиғатына тән мінез. Көп жағдайда біз де күрделі мәселелердің түп-тамырын шешуден гөрі, уақытша жайлылықты қанағат тұтып жатамыз.

Қойылым режиссері Нұрсұлтан Қалкеновтің айтуынша, шығарманың атмосферасын дәл жеткізу үшін ерекше дайындық жұмыстары жүргізілген.

– Шөкәрім атамның «Қайдан келдім? Не қылсам пайдам? Қайда барамын?» деген терең



мәнді сөзі бар. Қойылым осы сауалдарды өзіне қоймайтын, өмірдің мәнін іздеуден алыстап кеткен адамдар туралы ой қозғайды. Оқиға орман ішінде өтетіндіктен, актерлер қойылымның атмосферасын тереңірек сезінуі үшін, оларды арнайы орманға апарып дайындалдық. Аптасына екі рет репетиция өткізіп, сахна тілімен жұмыс істеді. Әсіресе есту қабілеті төмен актерлердің рөлді толық меңгеруіне ерекше көңіл бөлінді. Сонымен қатар жаттығулар кезінде түрлі дыбысты қосып, актерлердің қорқыныш сезімін бастан кешуіне жағдай жасалды. Мақсатымыз – сол сезімді көрерменге барынша шынайы жеткізу болды, – дейді режиссер.

Спектакльдің ерекшелігі оның мазмұнында ғана емес, ұсыну тәсілінде де болды. Сахнада инклюзивті қоғам өкілдері кәсіби әртістермен қатар өнер көрсетіп, шығармашылықтың ешқандай шектеуді мойндамайтынын дәлелдеді. Сонымен қатар қойылым ым тілі арқылы қатар аударылып отырды. Бұл есту қабілеті шектеулі көрермендердің спектакльді толыққанды қабылдауына мүмкіндік берді. Мұндай қадам өнердің баршаға қолжетімді болуға тиіс екенін тағы бір мәрте көрсетті. Дегенмен есту қабілеті



бұзылған және сөйлеу мүмкіндігі шектеулі азаматтардың алдында әлі де шешімін күткен мәселелер аз емес. Білім алу, мәдени ортаға араласу, медициналық қызметтерді пайдалану сияқты күнделікті қажеттіліктердің өзі кей жағдайда үлкен қиындықтарға ұласып жатады. Мамандардың айтуынша, түйткілдердің бірі – ым тілінің заң жүзінде толыққанды ресми мәртебеге ие болмауы. Бұл өз кезегінде ақпаратқа қолжетімділік пен қоғамдық өмірге тең дәрежеде қатысу мүмкіндігін шектейтін маңызды факторлардың бірі болып отыр.

Ал театр жетекшісі Арнұр Ысқақов «Соқырлар» спектаклі актерлердің шығармашылық дамуы үшін де маңызды қадам болғанын атап өтті. Бұл – театрдың дербес ұжым ретінде сахнаға үшінші премьерасы. Оның айтуынша, қойылымның басты құндылығы – ерекше қажеттілігі бар жастардың шығармашылық қабілетін дамытуға ықпал етуінде. Бүгінде есту қабілеті төмен актерлер театры арнайы сабақтар арқылы сөйлеу мәнерін жетілдіріп, сахна мәдениетін меңгеріп келеді. Ал жаңа спектакльде екі зағип және екі есту қабілеті төмен жас өнер көрсеткен. Диалогқа құрылған қойылымды сахнаға оңай болмағанымен, ол актерлердің тәжірибесін шыңдап, өз мүмкіндіктеріне деген сенімін арттырған.

– Қоржынымызда жалпы 15 спектакль бар. Ал жеке театр ретінде жұмыс істей бастағаннан бергі бұл – үшінші премьерамыз. Жұмысымыздың негізгі мақсаты – шығармашылық арқылы оңалту. Есту қабілеті төмен жастар актерлік шеберлік пен сахна тілі сабақтарына қатысып, сөйлеу дағдыларын жетілдіріп келеді. «Соқырлар» спектаклінде екі зағип және екі есту қабілеті төмен жас өнер көрсетті. Қойылымды сахнаға оңай болған жоқ, себебі мұндағы оқиға түгелдей дерлік диалогқа құрылған. Биылдан бастап Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен «Шабьт» университетінде 20-ға жуық грант бөлініп жатыр. Сол гранттар арқылы жастарымыз білім алып, кәсіби дайындықтан өтеді. Алдағы төрт



Қоржынымызда жалпы 15 спектакль бар. Ал жеке театр ретінде жұмыс істей бастағаннан бергі бұл – үшінші премьерамыз. Жұмысымыздың негізгі мақсаты – шығармашылық арқылы оңалту. Есту қабілеті төмен жастар актерлік шеберлік пен сахна тілі сабақтарына қатысып, сөйлеу дағдыларын жетілдіріп келеді.

жылда оларды жан-жақты шыңдап, өзіміздің кәсіби актерлерімізді тәрбиелеп шығарсақ деген мақсатымыз бар, – дейді Арнұр Ысқақов.

Екі күнге созылған қойылым көрерменнің ыстық ықыласына бөленіп, жоғары деңгейде өтті. Символизм жанрындағы пьесаның негізгі идеясы – адамның өмірдегі әлсіздігі, белгісіз тағдыр алдындағы қорқынышы және шындықты толық түсіне алмауы. Қысқасы, «Соқырлар» – орманда адасып, бағытынан адасқан адамдар тағдырын сипаттаудан ада, оны ілік етіп бірлік пен жауапкершіліктің қадірін түсіндіретін шығарма. Спектакль көрерменге «Мен қайда бара жатырмын?», «Өмірдегі бағдарым қандай?» деген сауалдарды еріксіз қойғызады.

Ақтілек МЕРЕКЕ,
ЕҰУ 3-курс студенті

БАЛАЛАРДЫ ҚУАНТҚАН КИНО КҮНІ

Балаларды қорғау күніне орай Астана, Алматы және Екібастұз қалаларында балаларға арналған отандық фильмдер мен анимациялық туындылардың тегін көрсетілімдері өтті.



Іс-шараларды «Ш.Айманов атындағы Қазақфильм» киностудиясы жанындағы «Қазақанимация» шығармашылық бірлестігі ұйымдастырды.

Астанадағы Ұлттық әскери-патриоттық орталықта және Екібастұздағы Жастар бастамаларын дамыту орталығында мерекелік ойын-сауық бағдарламаларынан кейін көрермендерге толықметражды «Алтын адам» анимациялық фильмі ұсынылды. Туындыда батылдық, әділдік, мейірімділік пен отансүйгіштік секілді құндылықтар арқау болған.

Алматы қаласындағы «Арман» кинотеатрында көрсетілімдер екі залда қатар өтті. Қызыл залда 2025 жылы жарық көрген қысқаметражды анимациялық фильмдер топтамасы көрсетілсе, Көк залда балаларға арналған «Жабайы» көркем фильмі ұсынылды. Фильм адам мен жануар арасындағы достық, қамқорлық пен адалдық тақырыптарын қозғайды.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, мұндай мәдени шаралар балалардың бос уақытын мағұмыр етуге мүмкіндік беріп қана қоймай, ұлттық кино мен анимация өнерін кеңінен насихаттауға бағытталған.

ХРОНИКАДАН – БОЛАШАҚҚА

Жақында Астанада республикалық «Хроникадан – болашаққа» кинолекторийінің ашылуы өтті. Салтанатты шара Президент Телерадиокешенінің 30 жылдығына орай ұйымдастырылды. Көрсетілім аясында көрермен назарына Арал теңізінің тағдырына арналған «Арал» деректі фильмі ұсынылды.



Іс-шараға мәдениет саласының өкілдері, деректі фильмнің түсіру тобы, сондай-ақ Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті мен Максұт Нәрікбаев университетінің оқытушылары мен студенттері қатысты. Кинолекторийдің басты мақсаты – тарихи-танымдық деректі контентті көпшілікке кеңінен насихаттау, сондай-ақ Қазақстанның заманауи тарихы мен өнерлердің дамуын көрерменге қолжетімді форматта ұсыну.

Көрсетілім басталар алдында сөз алған Президент Телерадиокешенінің Деректі кино орталығының директоры Ақылбек Шалжанов кинолекторийдің маңызына тоқталды.

– «Хроникадан – болашаққа» атты кинолекторий жобасы Президент Телерадиокешенінің 30 жылдығына арналады. Деректі кино орталығы Мемлекет басшысының қызметі, өмірлердің дамуы, қарапайым адамдардың еңбегі мен қоғамдық-саяси тақырыптарды қамтитын контент әзірлейді. Кинолекторий атауы да кездейсоқ таңдалған жоқ. Хроника – өткен оқиғаның камераға таспаланып, тарих ретінде сақталуы. Біз тәуелсіз Қазақстанның жылнамасын жүргізуді жалғастыра береміз. Бұл жоба тек фильм көрсетумен шектелмей, көрерменмен кездесіп, ой бөлісіп, пікір алмасуға мүмкіндік береді, – деді ол.

Фильм көрсетілімінен кейін сөз алған Президент кеңесшісі Бауыржан Омаров фильм түсірілген Қаратерен ауылы туралы айтып, туындыдан алған әсерін бөлісті. Фильм кейіпкері Құнтуған Тұрғанбаевтың еңбекқорлығы мен өмірге деген оптимистік көзқарасын да ерекше атап өтті. Айтуынша, балықшының кәсібі, өмірге көзқарасы мен монологы арқылы теңіздің бүгінгі ахуалы бейнеленген.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, алдағы уақытта Президент Телерадиокешенінің 30-дан астам авторлық деректі фильмі еліміздің 20 қаласында көрсетіледі. Аукымды кинолекторий барлық облыс орталығын қамтып, 25 қыркүйекте Алматы қаласында қорытындыланады.

А.МЕРЕКЕҚЫЗЫ



AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
Бірінші орынбасары

Мадияр ТӨЛЕУ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абаал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтай Байұржанқызы –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назгул НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Баян ЖАНЗАҚ –
Атырау облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(707) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4745

Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,